## «Ақсана» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Бекітемін
Балабақша меңгерушісі
_________ Д.Темирова

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАЛАРЫ

**Педагогикалық кеңестің**
**№1 хаттамасы**

29.08.2017ж Қатысқандар: 8

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

**Күн тәртібінде:**

1. Жазғы сауықтыру шараларының қорытындысы.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің № 557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2017-2018 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесін бекіту
3. Баяндама: «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешінің сөйлеу мәдениетінің мәні»
4. Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту және тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптарын бекіту.
5. Көрме: «Бақытты балалар мекені»
7. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары

**Тыңдалды:**
**Сөйледі: Әдіскер Г.Айгабылова**
Жаз мезгіліндегі жүргізілген сауықтыру іс-шараларының өткізілу барысын қорытындылады. Балабақшамызда жаз мезгіліне дұрыс жасалған күн режимі мен жақсы жолға қойылған балалардың күтімі баланы балабақшада өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік берді. Балалардың денсаулығын нығайту, жарақаттануына жол бермеу жұмыстары сақталы отырылды. Балалардың жұмыс жасау қабілетін орнықтыры, жалықтыры шаршаты алмау үшін де, трбиешілер жұмыс жоспарын қызықты етіп жоспарлады. Ертегілік қойылымдар қойылды, спорттық сайыстар ұйымдастырылды.
*Жазғы сауықтыру шараларының есебі қоса тіркелді.*
**Тыңдалды:**
**Сөйледі:** Меңгеруші Д.Темирова сөз алды.
Тағы бір оқу жылына аяқ басқалы отырмыз. Жаңа оқу жылында алдымызға жаңа мақсаттар қоя отырып бір жылға жоспар түзіп, ұйымдастырлыған оқу қызметінің кестесін бекітіміз. Біз балабақша жұмысын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып жүргіземіз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру кіріктіру жолдарымен іске асырылады. Білім беру салалары : «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім саласына негізделген.

**Куәландыратын жазу**

Осы істе 22 /жиырма
цифрмен
екі/ парақ тігілген
жазумен
және нөмірленген меңгерушісі
қызметі
қолы [signature]

Д. Темирова
аты- жөні тегі

«25» 05 2018 жыл

«Денсаулық» саласындағы дене шынықтыруға барлық топта 3 сағат берілген, ересектер тобында ғана дене шынықтыруға 2,5 және қауіпсіз мінез-құлық негіздеріне 0,5 берілген.

«Коммуникация» білім беру саласында ерте жас тобында(1-2 жас) -1 сағат, сөйлеуді дамыту 0,5, көркем әдебиет-0,5

І-Кіші топ (2-3жас) -1сағат сөйлеуді дамыту 0,5, көркем әдебиет-0,5.

ІІ-Кіші топ (2-3жас) 2-сағат сөйлеуді дамыту 1, көркем әдебиет-0,5, Орыс тілі -0,5.

Ортаңғы топ (4-5)жас 2,5 сағат, сөйлеуді дамыту -1, көркем әдебиет-0,5, драма-0,5, орыс тілі-0,5.

Ересектер тобында (5-6жас)-5 сағат, сөйлеуді дамыту -1, көркем әдебиет-0,5, Сауат ашу негіздері -1, орыс тілі-1, шет тілі- ағылшынға 1сағат, драма-0,5.

«Таным»саласында ерте жас тобында(1-2 жас) -1 сағат, сенсорика-0,5, жаратылыстану- 0,5.

І-Кіші топ (2-3жас) -2 сағат, сенсорика- 0,5, құрастыру-0,5,жаратылыстану-1

ІІ-Кіші топ (3-4жас) -2,5 сағат, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру- 1, құрастыру-0,5, жаратылыстану-1сағат

Ортаңғы топ (4-5жас) -2,5 сағат, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру- 1, құрастыру-0,5, жаратылыстану-1 сағат

Ересектер тобы (5-6жас) -2,5 сағат, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру- 1, құрастыру-0,5, жаратылыстану-1 сағат

«Шығармашылық» саласы

Ерте жас тобында(1-2 жас) -2 сағат, сурет салу-0,5, мүсіндеу-0,5, музыка-1 сағат.

І-кіші топ (2-3жас)-3 сағат, сурет салу-1, мүсіндеу-0,25, апликация-0,25, музыка-1,5 сағат.

ІІ-кіші топ (3-4жас) -3 сағат, сурет салу-1, мүсіндеу-0,25, апликация-0,25, музыка-1,5 сағат.

Ортаңғы топ (4-5жас) -3,5 сағат, сурет салу-1, мүсіндеу-0,5, апликация-0,5, музыка-1,5 сағат.

Ересектер тобы (5-6жас) -5 сағат , сурет салу-1, мүсіндеу-1, апликация-1, музыка-2 сағат.

«Әлеумет» саласында ерте жас, І-кіші топта ұйымдастырылған оқу қызметі жоқ.

ІІ-кіші топта-0,5 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру -0,25, экология негіздері-0,25 сағат.

Ортаңғы топ (4-5жас) -0,5 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру -0,25, экология негіздері-0,25 сағат.

Ересектер тобы (5-6жас) -1,5 сағат, өзін-өзі тану-1, қоршаған ортамен таныстыру -0,25, экология негіздері - 0,25 сағат берілген.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

ерте жас тобында(1-2 жас) -7-15минут.

І-кіші топ (2-3жас)- ) -7-15 минут

ІІ-кіші топ (3-4жас) ) -7-15 минут .

Ортаңғы топ (4-5жас) -) 15-20 минут

Ересектер тобы (5-6жас) 25-30 минут
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі
Ерте жас тобында (1-2 жас) -7сағат.
І-Кіші топ (2-3жас)- ) -9 сағат
ІІ-Кіші топ (3-4жас) ) -11сағат .
Ортаңғы топ (4-5жас) -) 12 сағат
Ересектер тобы (5-6жас) 17сағат
Жаңа типтік бағдарламамен оқу - тәрбие жұмысын жүргіземіз. Ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктірілген түрде ұйымдастырамыз. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі де кіріктіруге ыңғайланып жасалды, тек дене шынықтыру мен музыка ғана кіріктірілмей жеке өтеді. Жылдық, апталық жоспарлар өзгермейді.
Осы өзгерістерді алдағы уақытта жоспар бойынша, жүйелі жүргізулеріңізді тапсырамын - деді.
Жалпы балабақшаның жылдық мақсаты «Коммуникация» және «Шығармашылық» білім салалары етіп алынды. Балалардың денсаулығын нығайта отырып, бала тілін дамыту, ертегілер арқылы балаларға тәрбие мен рухани адамгершілдікке тәрбиелеуіміз керек. Көрнекіліктер саны бала санына жеткілікті, талапқа сай болуына көңіл бөлінсін. Балаларды ынталандыратын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдер, ойындар, зерттеу жұмыстары, серуендер мен іс-шаралар тартымды жоспарлансын. Тәрбиешілер талапқа сай материалдар жинақтап, ұйымдастырылған оқу қызметіне, ойынға алдын ала дайындықпен келсін, жауапкершілікпен қарауды тапсырамын. Балабақшаның күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекітті.
**Тыңдалды:**
**Сөйледі:** Әдіскер Г.Айгабылова «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешінің сөйлеу мәдениетінің мәні» тақырыбында баяндама оқыды.
Тіл – ұлт мәдениетінің қайнар көзі. Әр халықтың ұлттық дәстүрінің, сана - сезімінің, сөйлеу, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының, мәдениеті мен әдебиетінің айрықша белгілері тіл арқылы бейнеленеді. Тіл - адамның өмірлік қажетін өтейтін қатынас құралы.Жүректен шыққан сөз жүрекке жол табады.Сондықтан баланың өз ойын дұрыс жеткізіп, басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білуі үшін оған ең алдымен сөз әдебін үйрету керек. Олай болса, тәрбиеші өзінің сөйлеу тілін жетілдіруге міндетті: ол - оның адамгершілік және қоғамдық парызы. Балабақшаның тәрбиешісі үшін, үлгілі, мәдениетті сөйлеу тілін меңгеру - кәсіби даярлығының көрсеткіші. Балалардың есінде тәрбиешінің сөйлеу мәнері, сөйлеу үлгісі әбден сақталады. Сондықтан тәрбиеші әдеби тілді қалыптасқан дәстүр бойынша орфоэпия, грамматика, лексика, стилистика ережелеріне сәйкес сөйлеуге тиіс. Сонда ғана тәрбиеші әдеби тілде мәдениетті сөйлеген болып саналады.
Тәрбиешінің сөйлеу тіліне бірнеше талаптар қойылады.
1. Тәрбиешінің сөйлеуі көркем әдеби тілде, сөз тазалығы болу керек. 2. Мәдени сөйлеу мен этика өзіне ерекше назар аудартады. Тәрбиешінің сөйлеуі форма бойынша және мүлтіксіз әдеп пен мәдениетті болу керек.

3. Бала жас болған сайын қатынас жасау құрылымы қарапайым, сөйлемдер қысқа және нақты болу керек.
4. Сөйлем мазмұны олардың тәжірибесіне сүйеніп, қызығушылығына, даму ерекшеліктеріне сәйкес келу керек.
5. Сөйлемнің қарапайымдылығы, нақтылығы өзіне ерекше көңіл аудартады.
6. Сөйлемнің ырғағын реттеп отыру қажет.
7. Дауыс күшін реттеп отыру керек. Сөйлем барысында қажет кезде қатты немесе ақырын.
8. Сөйлем мәнерлі және әсерлі болу керек.
9. Педагогтар әдіснамалық шеберлікті меңгеруі керек.
10. Сөйлемнің жеткіліксіз деңгейде болуымен балалардың сөйлеуін дамытуға болмайды.

*Баяндама қоса тіркелді.*

**Өз пікірлеріңізді білдіргендер:**

**Тәрбиеші А.Мауленова**. Тәрбиеші баланың ақылшысы, қорғаушысы , досы бола отырып, жауапкершілікті өз мойнына алады. Балаға жан-жақты тәрбие беру үшін өзінің де жан-жақты болуы тиіс. Балалар үшін бәрі жаңа , бәрі қызық. Оларға жас ерекшелігіне сай тура жауап, түсінікті ұғым беруіміз қажет. Алған жауабына бала қанағаттануы қажет. Біздің топтың балаларының сұрақтары да үнемі бізді қоршаған ортамен байланысты, табиғат, ақпарат құралдары жөнінде болады. Ал адам өзін-өзі әрине дамыту қажет деп білемін.

**Тәрбиеші М.Маметова.** Тәрбиеші өзінің тілін барлық жағын үнемі жетілдіріп дамытып отыруы қажет. Ол - тәрбиешінің міндеті. Тәрбиеші өз тілін, сөздік қорын үнемі байыта отырып, тілдің грамматикалық құрылысының ерекшеліктерін терең меңгере отырып, синонимдік, омонимдік ерекшеліктерін жан-жақты терең білуі керек. Біліп қана қоймай, бай сөздік қор не үшін керек, қосымшалар неге көп, олардың мағыналары қандай, олардың қалай қолданылатынын білумен бірге, оларды өз сөзінде қандай жағдайда қолдану орынды екенін анықтауы керек. Падагог –өзін-өзі тану, даму үшін - өзінің ойын , жан тазалығын, тән тазалығын жүргізіп ойлану қажет. Яғни тән тазалығы -денсаулық, ой тазалығы - ақыл , жан тазалығы пәктік, адалдық. Осы қасиеттер даму үстінде болса, демек ,ол адам да даму үстінде. Ал, қабілетті, дарынды бала тәрбиелеу міндетіміз.

**5. Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі Д.Темирова келесі мәселе тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын және жас мамандарға тәлімгерлер бекітті.

Өткен кеңесте шығармашылық жұмысарыңызға есеп беру кезінде Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім. Іздену, даму, еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны меңгеруге ұмтылып, педагогикалық үдерісте қызықты етіп балалар жалықпайтын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді меңгеруге, жүргізуге бет бұрайық деген едім. Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздеп, жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар тауып, ендіруді тапсырымын. Жас мамандарға

тәлімгерлер бекітіп, шығармашылық тақырыптармен жұмыс жүргізуді тапсырды.

**6. Алтыншы мәселеде** «Бақытты балалар мекені» тақырыбында көрме ұйымдастыру жөнінде болды. Көрмеде балалардың жазғы уақыттағы өткізген күндерінен дайындалған фотолар, балалардың шығармашылық жұмыстары қойылады деп бірауыздан келісті.

**7. Жетінші мәселеде** тәрбиешілердің алдағы уақытта өтетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптарын әдіскер Г.Айгабылова берді. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыбы «Ормандағы кірпі» ортаңғы топ тәрбиешісі С.Алимбекова және II кіші топтағы ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыбы «Көңілді жапырақ» тәрбиешісі А.Мауленова.

**Қаулы :**

1. Жылдық жоспарда көрсетілген міндеттер, бекітілген күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысы жүргізілсін.

3. Әрбір тәрбиеші ана тіліміздің құндылықтарын бала бойына сіңіре отырып, тіл тазалығын сақтасын.

4.Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай, ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырсын.

5. «Бақытты балалар мекені» көрмесі ұйымдастырылсын жауапты тәрбиеші С.Алимбекова. Мерзімі: 04-15.09.17

6. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыбы «Ормандағы кірпі» ортаңғы топ тәрбиешісі С.Алимбекова. Мерзімі: 18.10.17ж

II кіші топтағы ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыбы «Көңілді жапырақ» тәрбиешісі А.Мауленова. Мерзімі: 25.10.17ж

Төрайымы: Д.Темирова

Хатшы: Г.Айгабылова

**Педагогикалық кеңестің**
**№2 хаттамасы**

30.10.2017ж Қатысқандар: 8

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбиенің бүгіні мен болашағы»

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы
2. Тақырыпты тексерудің қорытындысы: «Ойын әрекетінің ұйымдастырлыған оқу іс-әрекетінде қолданылуы» І кіші топ
3. Баяндама: «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар»
4. Шеберлік сынып: «Дамыта оқыту технологиясының әдістері»
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
**Сөйлегендер:** Балабақша меңгерушісі Д.Темирова. Топтардағы шолу тексеру кезінде айтылған ұсыныстарды тәрбиешілер орындаған. Балаларға арналып фитрден (боялған киіз) дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер дайындалған. Бекітілген ұйымдастырылған оқу қызметіне сай оқу қызметтері жүргізілуде. Ортаңғы топ тәрбиешісі С.Алимбекованың «Ормандағы кірпі» тақырыбында өткен ашық оқу қызметіне таным және шығармашылық білім бөлімдері кіріктірілген. Балалардың қол маторикасын дамыту жұмыстары жүргізілді. Кірпінің тыныс тіршілігімен таныстырды.
**Ұсынысым:** Дидактикалық ойын ойнатқанда ойынның аты айтылмады, суреттегі жануарлардың аттары толық айтылуы керек еді. Оқу қызметіне тәрбиеші толық дайын емес.
**Сөйледі:** Тәрбиеші А.Мауленова. Оқу қызметіне балалар жақсы қатысты. Кірпіге сыйлықты фетра материалынан жасалған жапырақтар мен саңырауқұлақтарды жапсыру арқылы сыйлады.
**Ұсынысым:** Азанда мен балабақшаға келе жатқанда деді. Азанда сөзінің орнына таңертең сөзін қолдану керек еді.
**Сөйледі:** Тәрбиеші М.Абилдаева. Балалар кірпі туралы берілген мағлұматтқа толық түсінді. Сергіту сәті де жақсы жоспарланған.
**Ұсынысым:** Кірпінің дәстүрден тыс әдіс умаждау арқылы салғызу керек еді. Қима суреттерден жабайы жануарларды құрастырғанда қима бөліктері көп болып кетті.
ІІ кіші топ тәрбиешісі А.Мауленованың өткізген оқу қызметінде ой-пікірін білдіргендер.
**Сөйледі:** Әдіскер Л.Құлбекова. Шаттық шеңберін жасады. Тәрбиешінің сөйлеу мәнері жақсы. Балалармен байланысы жақсы. Көрнекі құралдарды жақсы пайдалана білді. Ғажайып сәтте Күз ханшайымы келді , ол балалардан көмек сұрап, ойын ұйымдастырды.
**Ұсынысым:** Тәрбиешінің шығармашылық орталықтағы балаларға көрсеткен үлгісі кішкентай. Шаттық шеңберін жасағанда балалар сопақша болып тұрды.

Тақпақтар айтқанда балалар шапалақ ұрмауы керек еді. Қонаққа келген Күз ханшайымы қайтып кетпеді. Балалардың сурет салатын қағаздарына алдын ала баланың аттары жазылып тұруы керек еді.

**Сөйледі:** С.Алимбаева. Оқу қызметінің жоспары жақсы жоспарланған.

**Ұсынысым:** Билингвалды компонент жапырақ-листя де жүргізілуі керек еді.

**Тыңдалды**: Екінші мәселеде меңгеруші Д.Темирова тақырыптық тексерудің қорытындысына тоқталды. Балабақшаның І кіші тобында ойын әрекетінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданылуы, жоспарлануы бойынша тексеру жүргізілді.

Дидактикалық, қимылды, сюжетті –рольді ойындар жоспар бойынша жобаланған. Тәрбиеші топта ойындар ұйымдастыру ерекшеліктерін игерген. Тәрбиешінің дидактикалық ойындарға арналған көрнекі-құралдары жинақталған. Топта ойындық жағдайлар жасалған. «Шаштараз, дүкен, аурухана» тәрізді дамыту ойын аумақтары бар. Атрибуттар бар, бірақ жеткіліксіз. Топта қимылды ойындар серуен және дене шынықтыру оқу қызметінде жобаланған. Таңдалған ойындар оқу қызметінің тақырыбына сай таңдалған. Дидактикалық ойындар тақырыптарға байланысты алынған.

Топтарда құрылыс материалдары бар, бірақ ойын жобаланбаған.

Кемшілігі: Атрибуттар бала санына сай келмейді.

Қимылды ойын атрибуттары түрлері аз.

*Анықтама қоса тіркелді.*

**Тыңдалды:** «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар» баяндама

**Сөйледі:** Әдіскер Л.Құлбекова. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты ой - өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты,білімді,құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері.

1.Денсаулық сақтау технологиясы

2.Жобалы-іс шығармашылық технологиясы

3.Зайцев технологиясы

4.Әуенді кесте технологиясы

5.Дамыта оқыту технологиясы

6.Ақпараттық қатынастық технология

7.Ойын технологиясы

8.ТРИЗ технологиясы

*Баяндама қоса тіркелді.*

**Ой-пікірін білдіргендер:** Меңгеруші Д.Темирова. Ата-ана баласын балабақшаға әкелгенде үлкен ортаға үйренеді, бейімделеді, көзі ашылады деп үміттенеді. Ол -педагогтың басты мақсатының бірі. Баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқу, жазу, сызуға ойын арқылы үйрету басты назарында болатыны анық. Осыған байланысты еліміздің сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің қызметкерлері, сіздер болғандықтан жаңа технологияларды пайдалана отырып білім беріңіздер.

**Тәрбиеші: А.Мауленова** Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсу үшін жаңа оқу қызметін ойын арқылы жоспарлауымыз керек. Ойын — балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Баланың ойын ойнай отырып ұйымдастырушылық қабілеттері қалыптасады. Сол себепті ойын арқылы оқыту технологиясын мен өз жұмысымда көп пайдаланамын.

**Төртінші мәселеде әдіскер Л.Құлбекова** дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістері арқылы шеберлік сыныбын өтті. Құрметті менің әріптестерім заман талабына сай білімді, мамандығының қыр-сырын игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірибемен үйлестіру маңызды. Мұның өзі педагогтың жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін шыңдауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кеңеюіне бірден-бір себеп болып табылады. Білім – теңіз, оның тереңіне құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын, білім, тәрбие беретін бала жанының бағбаны – тәрбиеші. Ал ұстаз білімді бала санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол – ұстаздың бір-біріне ұқсамайтын жан-жақты өткізген сабақтары баланың білсем, ұқсам деген қызығушылығын арттырады. Бүгін мен дамыта оқыту технологиясының әдістерін пайдалана отырып сіздермен шеберлік сыныбын өткіземін.

1.Ой толғаныс әдісі
2.Ассоциация әдісі
3.Салыстыру әдісі
4.Раунд-Робин әдісі
5.Топтастыру әдістерін түсіндіре отырып, тәрбиешілермен алдағы оқу қызметінде қолданатын әдістермен, көрнекі- құралдарын дайындау жолдары айтылды.

**Бесінші мәселеде әдіскер Л.Құлбекова** жылдық жоспарда жоспарланған тәрбиешілердің ашық оқу қызметтерінің тақырыптарын берді.

Ерте жас тобының тәрбиешісі М.Маметова «Аюдың туылған күні» тақырыбында, І кіші топ тәрбиешісі М.Абилдаева «Қыс мезгіліндегі әсем табиғат» тақырыбында ашық оқу қызметтерін көрсетеді.

**Меңгеруші Д.Темирова.** Оқу қызметтерінде балалармен байланыс көбірек жасалсын. Бала тілін дамыту, сөздерді байланыстыра сөйлеуі, диолог түрінде сөйлей алуға тәрбиешілер балаларды жаттықтырсын

**Қаулы:**

1. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне айтылған ұсыныстар ескеріліп, жұмыс барысында түзетілсін.
2. I кіші тобында қимылды ойын атрибуттарының түрлері толықтырылсын.
3. Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа технологиялардың әдістері ендірілсін.
4. Ерте жас тобының тәрбиешісі М.Маметова «Аюдың туылған күні» тақырыбында 06 желтоқсан, I кіші топ тәрбиешісі М.Абилдаева «Қуыршақ Сәуле киім дүкенінде» тақырыбында 05 желтоқсан күні ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізсін.

Төрайымы: Д.Темирова

Хатшы: Л.Құлбекова

**Педагогикалық кеңестің**
**№3 хаттамасы**

**08.12.2017ж** **Қатысқандар: 8**

**Тақырыбы:** «Ғажайып әлем» балалармен жүргізілетін сахналау жұмыстары

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен педкеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тақырыпты тексеру: «Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы» (ортаңғы топ)
3. Баяндама: «Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында театрлық әдістерді пайдалану»
4. «Барлық уақытта өз-өзіңді зертте» педагогтармен жұмыс
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары
   1.«Маша заблудилась» – ортаңғы топ
   2.«Ғажайы орман» - II-кіші топ

**1.Тыңдалды.** Өткен кеңестің қаулыларының орындалу барысы туралы.
**Сөйледі**: Меңгеруші Д.Темирова – балабақшамызда жоспарланған жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер өздеріне берілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізуде. Ата-аналармен тығыз қарым - қатынаста болу, оқу тәрбие жұмысын жан-жақты бақылау мақсатында ашық есік күні ұйымдастырылды. Ата-аналар балабақша қызметкерлеріне өз рахметтерін айтып кетті.
Ерте жас топ тәрбиеші М.Маметованың «Аюдың туылған күні» тақырыбында өткен оқу қызметінде балаларды байланыстырып сөйлеуге, жан-жануарларды қорғауға балаларды тәрбиеледі. Аю туралы суреттен көрсете отырып әңгімеледі. Аюдың туылған күніне келген қонақтардың атады. «Тығылыспақ» ойынын ойнатты.

«Қуыршақ Сәуле киім дүкенінде» тақырыбында өткен оқу қызметінде тәрбиеші М.Абилдаева балаларды көйлек түрлерімен таныстырды. Балалар саусақтарын бояуларға батырып қуыршақтың көйлегін безендірді. Түстерге тоқталды.

*Ұсынысым: тәрбиеші балалармен байланысты көбірек жасасын.*

**Сөйлегендер: Тәрбиеші А.Мауленова-** ерте жас тобының тәрбиеші шаттық шеңберін өткізді. Қимылды ойындарды балалар жақсы ойнады. Балаларға сұрақтар қойып ой қозғады..

**Әдіскер Л.Құлбекова** - сұрақтар қойып балалардың ойын жинақтады. Балалар тілектерін айтқанда көңілді болды.

*Ұсынысым: ойын ойнау барысында қателесіп кеткен балалардың қателіктерін түзетіп, қандай ойын ойнағанын шартын балаға толық түсіндіру керек еді.*

І кіші топ тәрбиешісі М.Абилдаева «Қуыршақ Сәуле киім дүкенінде» тақырыбындағы ашық оқу қызметін де, талдау жасалды.

**Сөйлегендер: Тәрбиеші А.Мауленова** - Сәлемдесу үш тілді жүргізілді. Балалар дүкенге саяхатқа барды. Ондағы киімдердің атауларымен таныстырылды. Түстеріне тоқталды. Дидактикалық ойын ойнатылды. Балалардың белсенділіктері жақсы. Тәрбиеші балалармен жүйелі түрде жұмыс дайындаған.

**2. Екінші** мәселе «Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы» тақырыбында тексеру қорытындысы.

**Сөйледі:** Д.Темирова меңгеруші - балабақша күн тәртібіндегі, ұйымдастырылған ойындар оқу қызметінде балалардың дұрыс сөйлеуге қызығушылығы шығарманың сипаты мен мәтініне сәйкес екпін қоя білу мәнері дамиды. Сонымен қатар, өзінің ойы мен сезімін еркін жеткізу қабілеттері, шығарманың негізгі мазмұнын және өзінің өмірінен де қызықты жайттарды айта білу шеберлігі қалыптасады. Әрбір педагог, ата-ана балалардың әңгімесіне салғырт қарамау керек. Сол үшін баланың алдында бейнелі сөйлеп, дұрыс сөйлеуге шақыру, қарау, қадағалау, үйретуді мақсат етуі тиісті. Жүргізілген тақырыпты тексеруге тоқталсам әрине балалардың жас ерекшелігіне қарай бағалағым келеді. Ортаңғы топтарда – шағын рөлдерді жатқа айтады, сөздерді шығарма сипатына, мәтініне қарай өзгертуге көп көңіл бөлуі қажет. Импровизация өз сөзін , сезімін қосып сөйлеуге, қимыл іс-әрекеттерге тәрбиелеу керек. Бұл топтағы балаларға қуыршақ театры да ұнайды. Ертегілерді қайта айтып беруге де, жартысынан көбі үйреніп қалған. Жеке жұмыспен, ата-аналармен нығайтуды тапсырамын. Кейбір балалар әлдеқайда өздерін еркін ұстап, рөлдерді өздері бөлісіп, әдеби шығармалар мен ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы жақсы ұнады. Балалардың халық ауыз әдебиетіне, өзге тілдерге қызығушылықтары бар. Топтағы балалар ролге енгенде өз сөзін көбірек қосып, әртістік қабілетін дамытуды керек.

*Анықтама қоса тіркелді*

**3. Тыңдалды:** «Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында театрлық әдістерді пайдалану»

**Сөйледі: Әдіскер Л. Құлбекова** - қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез ролымен ойнар еді,

тіл байлықтарыда тез молайар еді. Егер де бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен халық әндерімен кішігірім тақпақтарды, жұбату өлеңдерді, кіші сахна көрністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып,мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс әрекеті өз бетінше болуы мүмкін. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін- кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спетакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Қуыршақ театры баланың дүние танымын қалыптастыруда, үлкен рөл атқарады. Тілін дамытады, себебі балалардың қолдарының саусақтарының жетілуі мен орталық мидың тілдің дамуына жауапты бөлігіне әсер етеді.

*Баяндама қоса тіркелді*

**Сөйледі: А.Мауленова тәрбиеші-** балалар театрының бірнеше түрлерін балабақшада айдаланамыз. Ең көп қуыршақ театрын пайдаланамыз. Саусақ театры ең жеңілі, қол жетімдісі. Саусақ театрын оқу қызметінен тыс кезде де қолдануға болады. Ас ішер алдында қолдануға болады. Тамақ ішер кезде саусақ театры арқылы тақпақ айтуға болады.

Тамақ ішер кез келді

Сөйлемейміз, күлмейміз

Астан басқа өзгені,

Көзімізге ілмейміз- деген тақпақтармен асымызды ішеміз.

**Сөйледі: М.Абилдаева** - театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Қалай десекте театр- балалар үшін мереке, демалыс .

**5. Тыңдалды.** Әдіскер Л.Құлбекова «Барлық уақытта өз-өзіңді зертте» педагогтармен іскерлік ойынын жүргізді.

Мақсаты: Қазіргі заман тәрбиешісінің әлеуметтік - психологиялық мәдениетін жетілдіру, бір - бірлеріне деген достық сезімін арттыру. Тәрбиешілердің педагогикалық рефлексиясын дамыту. Шығармашылыққа әртістікке,бастамашылдыққа ынтасын дамыту. Өзін өзі тануға, педагогикалық ізденімпаздыққа қызығушылығын тәрбиелеу.

*Іскерлік ойынының жоспары қоса тіркелді*

**6.** Алтыншы мәселеде жоспарланған ашық оқу қызметтерінің тақырыптарымен әдіскер Л.Құлбекова таныстырды.
Орыс тілі маманы Г.Акбердиева «Маша заблудилась» тақырыбында ортаңғы топта, «Ғажайып орман» тақырыбында ІІ-кіші топта тәрбиеші Ш.Тойшы ашық оқу қызметтерін өтеді. Оқу қызметтеріне бес білім беру саласы кіріктірілсін. Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып жүргізілсін.

## ҚАУЛЫ:

1. Тақырыпты тексеру бойынша балаларға халық ауыз әдебиетінен ертегілерімен таныстырылсын. Балалар ролге енгенде өз сөзін көбірек қосып, әртістік қабілеттері дамытылсын. Диологты сөйлеуі дамытылсын.
2. Театр түрлері оқу-тәрбие процесінде қолданылсы. Театр түрлеріне көрнекі құралдар дайындалсын.
   Мерзімі: 05-08.12.2017ж
3. Тәрбиешілердің шығармашылық, әртістік, өзін-өзі тануға, педагогикалық ізденімпаздыққа тәрбиеленуі бойынша жұмыстар жүргізілсін. Жауапты әдіскер Л.Құлбекова
4. Орыс тілі маманы Г.Акбердиева «Маша заблудилась» тақырыбында 21 ақпан күні, ІІ-кіші топта тәрбиеші Ш.Тойшы «Ғажайып орман» тақырыбында 20 ақпан күні ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізсін.

Төрайымы: Д.Темирова

Хатшы: Л.Құлбекова

**Педагогикалық кеңестің**

**№4 Хаттамасы**

**23.02.2018ж** **Қатысқандар: 8**

**Тақырыбы:** «Өнерлінің өрісі кең»

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Өткен педкеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тақырыпты тексеру: «Өнер орталығында баланың еркін әрекетте, өзінің шығармашыл ойын іске асыруы» (ІІ кіші топ)
3. Баяндама: «Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдерін қолдану»
4. Мастер класс: «Он саусаққа он өнер»
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары
   1.«Құм үстіндегі жәндіктер» – ІІ-кіші топ
   2.«Тапқырбек бізде қонақта» - ортаңғы топ
   3. «Түрлі-түсті дөңгелектер» - І кіші топ

1.Тыңдалды. Меңгеруші Д.Темирова – ортаңғы топ тәрбиешісі саусақ, көлеңкелі театр түрлерін толықтырған. ІІ-кіші топта тәрбиеші Ш.Тойшы «Ғажайып орман» тақырыбында өткен оқу қызметіне тоқталды. Сурет салу білім бөлімінде үрлеу әдісін пайдалана отырып ғажайып орман бейнесін балалар салды. Балалар ағаштарға түрлі бояуларды үрлей отырып жасаған жұмыстарына риза болды. Табиғат құбылыстарына деген баланың түсініктерін қалыптастыра білді. Сергіту сәті балаларға түсініксіз болып қалды.

*Ұсынысым: Балалардан бояулардың түстері сұралу керек еді. Қауіпсіздік ережелерін де айтып өту керек.*

Ал орыс тілі маманы Г.Акбердиева «Маша заблудилась» тақырыбындағы оқу қызметінде балалармен адасқан Машаға көмектесу үшін түрлі тапсырмалар орындады. Орыс тілінде балалар барынша сөйлеуге тырысты. Балалармен орыс тілінде әле де, болса жұмыстар жүргізілуі керек екен.

**Сөйледі: М.Абилдаева** тәрбиеші – ғажайып орман тақырыбындағы оқу қызметінде тәрбиеші балаларға ауада сурет салу арқылы бір-біріне сыйлық жасатқан кезі балаларға жағымды болды. Әр жыл мезгіліне тоқталғанда мезгілдердің ерекшеліктеріне сай түстерді балалар алдарындағы түстері бар дөңгелектерден көрсетіп отырды. Балалардың белсенділіктері жақсы.

*Ұсынысым: Ғажайы сәт немесе ойын жоспарлану керек еді.*

**2. Тыңдалды.** II кіші Аққу тобында жүргізілген тақырыпты тексеру туралы.

**Сөйледі: Л.Құлбекова әдіскер -** II кіші Аққу тобында «Өнер орталығында баланың еркін әрекетте, өзінің шығармашыл ойын іске асыруы» тақырыбында өткізілген тақырыпты тексеруде анықталғаны: Тәрбиешіге «Шығармашалық» білім саласы бойынша 54 оқу жүктемесі бекітілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы жазылып, ай сайынғы тақырыптары жоспарланған. Сурет салу білім бөлімінде балалар қарандаш пен қылқаламды дұрыс ұстай білу дағдыларын игерген. Негізгі түстерді ажыратады. Тік және дөңгелек сызықтарды жүргізе алды, 4-5 бала сызықтарды жасай алмады. Өткізілген оқу қызметінде қазақ халқының тұрмыстық затты кесені өрнектегін. Мүсіндеу білім бөлімінде ермексаз кесектерінен .ермексазды бөлі алу, домалақтау, созу әдістерін игерген. Алайда заттарды мүсіндей алмады. Жапсыру білім бөлімі бойынша жасалған жұмыстары жинақталған. Балалардың 7-8 желімдеу жолдарын білмейді. Балаларға шығармашылық жұмыстармен айналысуына тәрбиеші мүмкіндік берген. Түс үйлесімдігін білмесе де, балалар өз қиялдарындағы суреттерді еркін сала білді.

Ұсыныс: Салынған заттармен пішіндерді балалардың бояуы төмен. Салынатын бейнені қағаз бетіндегі кеңістікте дұрыс орналастыра білуі үйретілсін. Дәстүрден тыс әдістер жоспарланып қолданылсын.

**3.Тыңдалды**. А.Мауленова «Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдерін қолдану» тақырыбында баяндама оқыды.

Баланың жан жақты дамуына әсер ететін басты тәрбие эстетикалық тәрбие беру. Оған , сурет салу ,жапсыру, мүсіндеу оқу іс -әрекеттері жатады. Бала өзін қоршаған орта туралы өз түсініктерін қалыптастырып дамиды. Сурет салу арқылы бала қоршаған ортадан алған әсерін жеткізеді. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі бала үшін бейнелеу өнерінің маңызы зор. Сурет салу іс әрекетінде эмоциялық көңіл күй пайда болады. Балалар сурет салған кезде жақсы болып шықса қуанады. Қылқаламмен, қарындаш пен сурет салу біліктілікті талап етеді, қиындықтар тудырады. Сондықтан бала сурет салудан бас тартуы мүмкін, салған суреті қиялындағыдай болмағасын. Сурет салу әдістерін меңгерту мақсатында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану балаларға қызығушылықтарын, еркіндіктерін, өздеріне деген сенімділіктерін тудырады. Сондықтан, бала ерікті түрде қызығушылық танытып сурет салу үшін дәстүрлі емес әдісті пайдаланған жөн деп білемін.

*Баяндама қоса тіркелді.*

**Сөйледі: Л. Құлбекова әдіскер** - дәстүрлі емес әдістің құралдары қызықты, әрі сурет салудың жолы оңай. Сонымен қатар балалардың суретті соңына дейін «сала аламын ба» деген қорқыныштары кетеді. Дәстүрлі емес әдіс кезінде көру және саусақ маторикасы жақсы дамиды. Балалармен осындай

жұмыстардың нәтижесі балалардың саусақ қимылын дамытуға және кеңістікті бағдарлай алуға, ой өрісінің дамуына ықпал етеді. Сіздерде өз іс тәжірбиелеріңізде дәстүрден тыс сурет салу түрлерін көптеп қолдануға кеңес беремін.

**4. Тәрбиеші А.Мауленова** әріптестерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында дәстүрден тыс әдістерді пайдалана отырып «Он саусаққа он өнер» тақырыбында шеберлік сыныбын жүргізді.

Шеберлік сыныбында алақанмен сурет салу және картоппен бастыру тәсілі, кляксография тәсілі, флоротипия (жапырақпен бастыру) және сулы қағазға салу тәсілі, қалдық материалдарды пайдалану, пластилинография (ермексазбен) дәнді дақылдармен жұмыс тәсілі, майшаммен сурет салу тәсілі, Тұзбен су бояумен сурет салу тәсілі, граттаж(тырнау) сурет салу тәсілдері бойынша шығармашалық жұмыстар жасалды.

**5.Тыңдалды.** Алдағы уақытта жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары бойынша.
***Сөйледі: Л.Құлбекова әдіскер*** - ІІ кіші тобының тәрбиешісі Ш.Тойшы «Құм үстіндегі жәндіктер» тақырыбында, «Тапқырбек бізде қонақта» тақырыбында ортаңғы топ тәрбиешісі А.Мауленова, «Түрлі-түсті дөңгелектер» тақырыбында І кіші топ тәрбиешісі М.Абилдаева ашық оқу қызметтерін өткізеді. Оқу қызметі барысында көрнекі-құралдарды ретімен әрі үйлесімді қолданыңыздар. Балаларға топ болып жұмыс жасай білуге үйретіңіздер. Бүгінгі шығармашылықтарыңызды дамытуда үйренген дәстүрден тыс әдістерді оқу қызметінде жоспарлап пайдаланыңыздар.

## ҚАУЛЫ:

1. ІІ кіші топ балаларына үлгілік оқу бағдарламасындағы шығармашылық білім саласы бойынша күтілетін нәтижелері меңгертілсін.
2. Балалардың шығармашылығын дамытуда дәстүрден тыс әдістер пайдаланылсын.
3. Тәрбиеші Ш.Тойшы «Құм үстіндегі жәндіктер» тақырыбында ІІ кіші тобында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізсін. Мерзімі: 22.05.2018 ж. «Тапқырбек бізде қонақта» тақырыбында ортаңғы топ тәрбиешісі А.Мауленова 23 мамыр күні, «Түрлі-түсті дөңгелектер» тақырыбында І кіші топ тәрбиешісі М.Абилдаева 24 мамыр күні ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізсін.

Төрайымы: Д.Темирова

Хатшы: Л.Құлбекова

**Педагогикалық кеңестің**

**№5 Хаттамасы**

**25.05.2018ж** **Қатысқандар: 11**

**Тақырыбы:** «2017-2018 оқу жылының қорытындысы»

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі .
3. Қорытынды мониторинг.

4. Оқу тәрбие үдерісінде жыл бойына жүргізілген жұмыстарға талдау, келесі оқу жылына жұмыс бағытын белгілеу.

5. Жазғы сауықтыру, шынықтыру іс-шаралар жоспарын, күн тәртібін, жазғы оқу қызметі кестесін бекіту.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы жөнінде.
**Сөйледі:** Д.Темирова балабақша меңгерушісі - барлық тәрбиешілер жоспарлаған ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізді. Тәрбиеші Ш.Тойшы оқу қызметін балабақша ауласында өткізіп, балаларға құмның тигізер пайдасын оқу қызметі барысында көрсете білді.
Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Мауленова «Тапқырбек бізде қонақта» тақырыбындағы оқу қызметінде білім беру салаларын кіріктіре отырып жоспарлаған. Балалардың белсенділіктрі жақсы, сөйлеу мәнері сөздерді байланыстыруы жақсы. Алайда балалардың көпшілігінің кейбір дыбыстарды анық айталмағанын көрдім.
*Ұсынысым: барлық топ тәрбиешілері балаларға тақпақтар жаттатқызсын.*
**Сөйлегендер:** Л.Құлбекова әдіскер – «Құм үстіндегі жәндіктер» тақырыбында Ш.Тойшы ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Шаттық шеңберін жасады. Балаларға жәндіктер туралы айтты, балалар тақпақтар айтып жәндіктердің аттары мен танысты. Арнайы құмдақтағы құмдарда балалар шағын жәндіктердің фигуралар жиынтығы 8 см аспайтын қолданып құмнан бейнелерін жасады. Құм агрессиялық қуатты шешеді. Сондықтан құмда ойнап отырған баламен ойын жоспарлау тез және оңай болады.
*Ұсынысым: Құммен жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелеріне тоқталу керек. Балалардан қандай жәндіктің бейнесін жасағанын сұрау керек еді. Балалармен тәрбиешінің оқу қызметіндегі байланысы төмен болды. Тек тәрбиеші көп сөйледі.*
«Түрлі- түсті дөңгелектер» тақырыбында М.Абилдаева оқу қызметін өткізді. Балалармен бірге қимылдар жасай отырып шаттық шеңберін орындады. Арнайы поездбен саяхатқа шықты. Әрбір бекетте тапсырмалар тұрды, балалар сол тапсырмаларды орындаса ғана ары қарай жолын жалғастырып отырды. Бағдаршамның түстерін айтып, арнайы түрлі –түсті фетрадан жасалған

көрнекіліктерді пайдаланып тапсырмалар орындатты. Балалардың қол маторикасын дамытты.

*Ұсынысым: топтағы балалар толық қатыстырылмаған, тәрбиеші өзі көп сөйледі.*

**Тәрбиеші М.Маметова** – І кіші топтағы оқу қызметі жақсы жоспарланған. Ұйымдастырушылық ізденістік бөлімінде тәрбиеші балаларға жәндіктер туралы жақсы жеткізе білді.

*Ұсынысым: Тәрбиеші оқу қызметін толық ашып көрсету үшін әле де, болса көп жұмыс жасау керек* де ойлаймын.

**Тәрбиеші А.Мауленова** - «Түрлі- түсті дөңгелектер» тақырыбында М.Абилдаева оқу қызметінде балалармен топтық және жеке жұмысты да жоспарлаған. Тәрбиешінің сөйлеу мәнері жақсы. Тапсырманы балаларға түсінікті етіп жеткізе білді.

**2.Тыңдалды:** Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.

**Сөйледі: Әдіскер Л.Құлбекова –** «Балабақшада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбындағы шығармашылық жұмысында ата-аналармен қалай байланыс жасау керек. Ата-аналарды балабақша өміріне қалай қызығушылығын арттыруға болады. Баланың отбасындағы ролі жайында айтты.

**Тәрбиеші М.Маметова** – шығармашылық жұмысының тақырыбы: «Балабақшадағы театр сабақтарының ұйымдастырылуы» тақырыпқа кіріспе жасалған. Саусақ театрының балалардың дамуына ықпал бойынша сөйледі. Саусақ қуыршақтары, театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңілі қол жетімдісі. Саусақ қуыршақ театрының түрлеріне, олардың жасалу жолдарына тоқталды.

**Музыка жетекшісі Г.Сейдилдаева** - «Мектепке дейінгі балалардың музыкалық қабілетін дамыту» балабақшадағы музыкалық тәрбиенің маңызы және баланың бойында музыкалық қабілетін арттыру жолдары туралы айтты. Баланың жалпы музыкалық қабілетін дамытуда алдына қойған үш мақсатқа тоқталды.

**Тәрбиеші А.Мауленова** - шығармашылық тақырыбының мақсаты ертегі арқылы балалардың ойлау қабілетін, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу. Ертегінің бала тәрбиесінде алатын орны жайында да, айтты. Ертегі терапиясының маңыздылығына тоқталды.

**Тәрбиеші М.Абилдаева** - балабақшада балаларды салауатты өмір салтына мен ұқыптылыққа баулу тақырыбындағы шығармашылық жұмысымен таныстырды. Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, қимыл қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, ептілікке баулу белсенділігін арттыру. Денсаулық білім саласында дене шынықтырудың жұмыс түрлері, сабақты ұйымдастыру мен өткізу жолдары, өз бетімен жасайтын қимыл-әрекеттері, денсаулық күндері, таңертеңгі гимнастика, қимылды ойындар шынықтыру шаралары, негізгі қимылдарға тоқталып түсініктемелер жасаған.

Барлық шығармашылық жұмыстар әле де толықтырулар мен іздену, еңбектенуді қажет ететінін айтылды.

**5.Тыңдалды:** Қорытынды мониторинг туралы.
**Сөйледі: Л.Құлбекова әдіскер** - педагогтарды шеберліктері мен іскерліктерінің бағалану деңгейінің мониторингі жөнінде талқылап өтті. ҚР МЖМС-ның бес білім беру саласының базалық мазмұны балалардың танымдық қабілеттерін, жеке басының бейімділігін қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытудың негізі болып табылады. Осы қажеттіліктерді балаларға дамытуда педагогтарымыздың балаларды зерттеуі, өзін-өзі басқаруы, топтарды безендіруі, ата-анамен жұмыс жүргізуі шығармашылық қабілетін дамытуы күннің ІІ жартысын ұйымдастыруы, еңбекке баулып, серуенде бақылау ұйымдастыруы қандай деңгейде өткізілгені жөнінде баллмен бағаланды. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі балалардың Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының мазмұнын игеру барысында қалыптасатын дағдыларға сәйкес анықталады және балалардың даму индикаторларына сәйкес өлшенеді. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг 15-25 мамыр күндері аралығында балабақшаның 3 тобында жүргізілді. Бақылау парағын әр топқа тәрбиешілер жасады. І кіші топта балалардың үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы деңгейі І деңгейдегі -20%, ІІ деңгей- 42%, ІІІ деңгей-38%, ІІ кіші топта І деңгейдегі – 15,2%, ІІ деңгей- 44%, ІІІ деңгей- 40,8%, Ортаңғы топтағы тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы деңгейі І деңгейдегі – 19%, ІІ деңгей- 45%, ІІІ деңгей- 36%, Тәрбиешілердің біліктілік деңгейін анықтау индикаторы бойынша Д.Темирова - 3,3, Ш.Тойшы -2,6, А.Мауленова-3,3, Кулбекова Л-3,3, Абилдаева М-2,7, М.Маметова-3, Ж.Абдулаева—3,1, осындай деңгей көрсетті. Балабақша тәрбиешілерінің жалпы көрсеткіші 3- ІІ деңгей болды.
Балалардың жеке даму картасы жасалды, әдістемелік кабинетте сақталады.

**6.Тыңдалды:** Оқу тәрбие үдерісінде жыл бойына жүргізілген жұмыстарға талдау, келесі оқу жылына жұмыс бағытын белгілеу.
**Сөйледі:** Әдіскер Л.Құлбекова – 2017-2018 оқу жылына балабақшаның жылдық оқу жоспары 'жасалды және әр айда атқарылатын іс-шаралар жоспарланды. Балалардың денсаулығын басты назарда ұстап, балаларды балабақшаға қабылдау жұмыстары жүргізілді. Топтардың дайындығы, топта бала өзін еркін, қауіпсіз сезінуі үшін қандай жағдайлар жасалған, сонымен қатар нендей кемшіліктер бар екенін анықтау мақсатында топтарды шолу тексеру жүргізілді.
Толықтыруды қажет ететін мәселелер өз уақытында жасалды. Оқу қызметінің кестесі түзілді, үлгілік оқу бағдарламасы негізінде тәрбиешілер тақырыптық жоспар жасады. Оқу жылының басында балаларға бастапқы бақылау жүргізілді. Балалардың білім, білік дағдыларының деңгейі анықталды. Оқу – тәрбие үдерісінің саасын жақсартуды қарастыру мақсатында 5 педагогикалық кеңес жоспарланды. Онда тәрбиешілерге арналған тренингтер мен мастер класстар, баяндамалар жоспарланды. Тәрбиешілерге жыл бойына өткізетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары бекітілді. Мерекелік ертеңгіліктер жоспар бойынша өткізілді. Тіл мерекесін арнап «Қазақ тілім Ана тілім» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді, 1 желтоқсан Тұңғыш Президент

күніне орай «Тәуелсіз елдің Көшбасшысы», 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арнап «Тәуелсіз елдің ұланымыз» тақырыбында тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктер өткізілді. Балабақшада өткізілген іс-шараларға ата-аналар белсенді түрде ат салыса білді. Балаларды салауатты өмір салтына баулу, денсаулығының қалыпты өсуіне жағдай жасау мақсатында сауықтыру шаралары жүргізіліп, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балабақшадағы оқу –тәрбие жұмысын бақылау мақсатында тақырыпты, шолу, бастапқы аралық қорытынды мониторингтері жүргізілді. Жас мамандарға, педагогтарға кеңестер берілді. Биылғы оқу жылында балабақша ұжымы бала тәрбиесімен білім алуына бар білімдерімен шеберліктерін салды деп ойлаймын. Жазғы маусым айында келесі оқу жылына дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер мен спорттық құралдарды, театр түрлеріне арналған ертегі кейіпкерлерін толықтыруымыз қажет деп ойлаймын.

**6.Тыңдалды:** Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту.

**Сөйледі:** Д.Темирова меңгеруші – жаз мезгілінің басталуына байланысты, балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметтері жеңілдетіледі. Балалардың балабақшадағы уақытың көп бөлігі таза ауда өткізіліп, жазғы сауықтыру шаралары жүргізіледі. Балалармен жазғы оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен кестеге ауысып, негізгі міндеттерімізді жауапкершілікпен атқаруға шақырамын. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қолға алайық, тиімді, қауіпсіз ыңғайлы болуына көңіл бөліп, әрқашан есте сақтайық.

- Ауа және күн ванналар қабылдау.
- Жалаң аяқ құм үстінде жүру
- Қимылды ойындар
- Мерекелер
- Туылған күндер
- Ертегілер қойылымы
- Еңбекке баулу
- Спорттық жарыстар ұйымдастыру жоспарлансын. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар әр алуан, қызықты ұйымдасқан түрде өткізілсін. Жазғы маусымдық күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекітті. Ата-аналар жазғы демалысқа балаларын алып кететін болса балабақша меңгерушісіне баласының орыны сақталып қалуы үшін өтініш жазуы керек. Тәрбиешілер ата-аналарыңызға айтыңыздар -деді

**Қаулы етті:**

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын толықтырып, білімін жетілдіруде ізденсін.
3. Жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесіне сай жұмыс жүргізілсін.

Жауапты әдіскер Л.Кулбекова мен мейірбике Г.Кушербаева.

**Төрайымы:** Д.Темирова
**Хатшы:** Л.Кулбекова

«Ақсана» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Бекітемін

Балабақша меңгерушісі

__________ Г.Айгабылова

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАЛАРЫ

2018-2019 оқу жыл

**Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы**

**28.08. 2018ж** **Қатысқандар: 14**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Жазғы сауықтыру шараларының қорытындысы.
2. Қ.Р Мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру (әдістемелік нұсқау хат), Қ.Р білім және ғылым министрлігінің №391 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2017-2018 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
3. Мектепке дейінгі «Педагог» әдістемелік кеңес орталығының ұсынған ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарлары және перспективалық жоспарлары жне циклограмма журналы туралы.
4. Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
5. «Ертегім менің ертегім, қиялдан сыр шертемін» (драма оқу қызметіне арналған атрибуттар) байқауы.
6. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері
   1. «Сиқырлы дәрумендер» II кіші топ
   2. «Менің отбасым)» I кіші топ

**1.Тыңдалды:** Жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуі барысы туралы.
**Сөйлегендер:** Балабақша әдіскері Л.Кулбекова – жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасап, жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзартамыз.
Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін, денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған жұмыстар топтарда жүргізілді. Жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстарында ауызды шаю, қолды жуу, ауа және күн ванналарын қабылдау, құм үстінде жалаң аяқ жүру сияқты шынықтыру шаралары күнделікті жүргізілді.
**Тәрбиеші: А.Мауленова**
Мен ортаңғы тобындағы балалардың жаз мезгіліндегі денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлдім. Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспарына сай балаларды еңбекке баулу, табиғаттағы өсімдіктерге қамқорлық көрсетіп күтіп баптауға үйреттім. Елордамыз күніне орай «Әсем қала - Астана» мерекелік ертеңгілігін ұйымдастырдым. Сауықтыру шаралары үздіксіз жүргізіліп отырылды. Атап айтсам құм үстінде балалар жалаң аяқ жүріп, түрлі дене жаттығуларын жасап, дәрімендерге бай сусындармен тағамдармен тамақтанды. Қимылды ойындарда балалар белсенді ойын ойнады. Күн ыстық уақытта балалар көлеңкелі жолдармен жүгіріп шынықтыру және тыныстау гимнастикасының кешенін орындады.
**Тәрбиеші Ж.Абдуллаева**
Мен II кіші «Аққу» тобының балаларының таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, спорттық ойындар ойнатуға көп көңіл бөлдім. Жаз бойына ата-аналармен тығыз қатынаста болып, демалыс күндерін жоспарлағанда қауіпсіздік шараларын естен шығармау жөнінде кеңестер беріп отырдым.
**Тыңдалды:** Қ.Р Мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру (әдістемелік нұсқау хат), Қ.Р білім және ғылым министрлігінің №391 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2017-2018 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту туралы. **Сөйлегендер:** Балабақша әдіскері Л.Кулбекова - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарға тоқталсам. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдыларды қалыптастырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын: "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім беру саласына негізделген.

"Денсаулық" білім беру саласында өз денсаулығына саналы қарауды дамыту, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуге тәрбиелеу, қимыл белсенділігін дамыту және дене бітімі қасиеттерін қалыптастыру.
"Денсаулық" білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:
1) дене шынықтыру;
2) қауіпсіз мінез-құлық негіздері.
"Коммуникация" білім беру саласы балалар әрекетінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде ауызша және байланыстырып сөйлеуді, шығармашылық сөйлеу әрекетін дамытуды; тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді; белсенді сөздікті байытуды, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыруды, балалар әдебиетімен таныстықты дамытуды, мәнерлеп оқуды және мазмұндауды; мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдерді дамытуды қамтиды.
"Коммуникация" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:
1) сөйлеуді дамыту;
2) көркем әдебиет;
3) сауат ашу негіздері;
4) қазақ (орыс тілінде оқытылатын топтарда), орыс (қазақ тілінде оқытатын топтарда) және шет тілдерінің бірі;
5) драма.
"Таным" білім беру саласы қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл үшін қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген мектепке дейінгі тұлғаны қалыптастыру.
"Таным" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:
1) қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, бөбек жасы топтарында (1 жастан 3 жасқа дейін) – сенсорика;
2) құрастыру;
3) жаратылыстану.
"Шығармашылық" білім беру саласы баланың шығармашылық ойлау мәдениетінің негізі ретінде оның сезімдік-эмоциялық саласы мен қиялын дамыту."Шығармашылық" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:
1) сурет салу;
2) мүсіндеу;
3) аппликация;
4) музыка.
"Әлеумет" білім беру саласы отанға деген сүйіспеншілікке, үлкендерді құрметтеуге, айналасындағыларға жағымды мінез-құлықты және қайырымды қатынасты тәрбиелеу. "Әлеумет" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:
1) өзін-өзі тану;
2) қоршаған ортамен танысу;

3) экология негіздері.

Стандар талаптарына сай топтарға арналған жүктемелермен де, таныстырды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерісті қамтамасыз ету үшін, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бірыңғай үлгілік оқу бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, білімділік міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етеді. Үлгілік оқу бағдарламасында балалардың жас ерекшеліктеріне сай жүргізілетін жұмыстар мен білім беру жолдары көрсетілген. Біз осы бағдарлама негізінде оқу тәрбие жұмыстарын жоспарлаймыз. Сонымен қатар Қ.Р мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы 2017-2018 оқу жылында әдістемелік нұсқау хат жарияланды. Әдістемелік нұсқау хат меншік нысанына қарамастан республиканың барлық мектепке дейінгі ұйымның басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтары мен мамандарына әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны өтпелі тақырыптар негізінде құралған перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады. Бізге 50 өтпелі тақырыптар берілген, сол өтпелі тақырыптар бойынша перспективалық жоспар құрып, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптарын перспективалық жоспарға сәйкес анықтаймыз. «Педагог» әдістемелік кеңес орталығының ғылыми әдістемелік кеңесінде қаралып ұсынылған Ноғайбекова Бахытгуль Саматовна дайындаған перспективалық жоспар мен циклограмма журналы және ұйымдастырылған оқу қызметтер жоспарлары журналын биылғы жылы қолданғалы отырмыз. Бұл журналдар МАББ-нің тарапынан мақұлданып ауданымыздағы мектепке дейінгі ұйымдарға ұсынылды. Өтпелі тақырыптар әр айға беріледі, 1 ай бойына сол тақырып бойынша бес білім салаларын жоспарлап өткізесіздер. 9 айға берілген өтпелі тақырыптар тізімі.

Қыркүйек айы - «Балабақша»
Қазан айы- «Менің отбасым»
Қараша айы- «Дені саудың жаны сау»
Желтоқсан айы- «Алақай қыс келді!»
Қаңтар айы- «Қысқы табиғат әлемі»
Ақпан айы- «Бізді қоршаған әлем»
Наурыз айы- «Көктем жаршысым - құстар»
Сәуір айы – «Біз еңбекқор баламыз»
Мамыр айы – «Әрқашан күн сөнбесін!»

Балабақшаның бір жылға арналған жылдық жоспары жасалды. Биылғы жылға мына мақсаттарды алға қоя отырып жұмыс жасаймыз.

-Баланың жас және жеке мүмкіншіліктеріне сәйкес, жан-жақты дамыту, рухани және адамгершілік нормаларын қалыптастыру. Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуын қалыптастыру. Балабақшамен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз ету. Балабақшаның күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін таныстырылып, бекітілді.

**Тыңдалды:** Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы. **Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Г.Айгабылова. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»- дегенін барлығымыз білеміз. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді алғаш сіңдіруші ол балабақша тәрбиешісі. Ал балабақша тәрбиешісі кеше ғана оқуды аяқтаған жас маман баланы қалай тәрбиелейді? Теориялық білімін практика жүзінде іске асыра ала ма?- деген сұрақтар ата-аналарды мазалайды. Бірақ балабақшада болсын, мектепте болсын жас мамандарға тәжірибелі тәлімгер ұстаздар көмекке келеді. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетуде ата- аналар жиналысы мен тәрбие сағаттарын ұйымдастыру, өзара сабаққа қатысу,

семинар, тренингтердің рөлі өте зор. Сонымен қатар жас мамандарға психологиялық қолдау да қажет. Педагог этикасы, балалармен қарым- қатынас жасау ережелері, қажетті құжаттарын толтыруды, құжаттармен жұмыс жасауды меңгеруі, ата–аналармен қарым-қатынас жасау, оларға бала оқытудың қазіргі кездегі талаптары мен қиыншылықтары туралы мағлұмат беру бойынша тәлімгер ұстаздар кеңес береді. Жас мамандарға тәлімгерлер болып мен Г.Айгабылова және әдіскер Л.Құлбекова бекітіледі. Меңгеруші тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарымен таныстырып бекітіп берді. **Тыңдалды:** «Ертегім менің ертегім, қиялдан сыр шертемін» (драма оқу қызметіне арналған атрибуттар) байқауы.

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Г.Айгабылова – балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ереше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қаиеттері қалыптасады. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қимылын дамытады. Сол себебті «Ертегім менің ертегім, қиялдан сыр шертемін» атты атрибуттар байқау жүргізілсін деп тәрбиешілерге тапсырма берілді.

**Тыңдалды:** Алда жоспарланған ашық оқу қызметтері туралы. **Сөйледі:** Әдіскер Л.Құлбекова - оқу тәрбие ісін жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік тудыратындай етіп ұйымдастыра білген тәрбиешіні шебер тәрбиеші дейді. Шебер тәрбиешінің жұмысы өз ісін терең білумен, белгілі стиль мен дауыс ырғағына, күнделікті тәрбиенің мақсат міндетін анықтауынан байқалады. Қолайлы әдіс таба білу педагогикалық шеберлік пен ізденістің жемісі болмақ. Олай болса әрбір тәрбиешінің шебер педагог болуына мүмкіндіктері бар. Ал біз бірлесе отырып біріміздің іс-тәжірбиемізді біріміз көріп бөлісуіміз қажет. Алдағы уақытта ашық оқу қызметін II кіші топ тәрбиешісі Ж.Абдуллаева жаратылыстану білім бөлімі бойынша өткізеді. I кіші топ тәрбиешісі Г.Бердібекова сөйлеуді дамыту білім бөлімі бойынша ашық оқу қызметін өткізеді.

## ҚАУЛЫ:

1. Балалармен ұйымдастырылған жұмыстар балабақшаның күн тәртібіне сай жүргізілсін.
2. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде құрылған оқу қызметінің кестесіне сай өтпелі тақырыптар бойынша перспективалық жоспар құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары перспективалық жоспарға сәйкес жасалсын.
3. Жас мамандарға тәлімгерлер болып Г.Айгабылова, Л.Құлбекова бекітілсін.
4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметін II кіші топ тәрбиешісі Ж.Абдуллаева «Сиқырлы дәрумендер» тақырыбында 18 қазан күні, I кіші топ тәрбиешісі Г.Бердібекова «Менің отбасым» тақырыбында 10 қазан күні өткізсін.

Төрайымы: Г.Айгабылова
Хатшы: Л.Кулбекова

**Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы**

**16.10. 2018ж** **Қатысқандар: 13**

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тақырыпты тексерудің қорытындысы: «Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің ұйымдастырылуы.» ІІ кіші топ.
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» тақырыбында ашық есік күнін өткізу
4. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен, қоршаған ортаны таныстыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер»
5. Жыл мезгілдеріне арналған серуен картотекасын жасау.
6. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері.

1) «Елін сүйген Президент» ортаңғы топ.

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Д.Темирова барлық тәрбиешілер жоспарланған ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізді. Тәрбиеші Г.Бердібекова «Менің отбасым» тақырыбындағы оқу қызметінде білім беру салаларын кіріктіре отырып жоспарланған. Балалардың белсенділіктері жақсы, сөйлеу мәнері сөздерді байланыстыруы жақсы. Алайда, балалардың көпшілігі кейбір дыбыстарды анық айталмағанын көрдім.

*Ұсынысым:* Барлық топ тәрбиешілері балаларға тақпақтар жаттатқызсын.

ІІ кіші топ тәрбиешісі Ж.Абдуллаеваның өткізген оқу қызметіне ой – пікірін білдіргендер.

**Сөйледі:** Тәрбиеші А.Мауленова. Оқу қызметіне балалар жақсы қатысты. Жылап, тамағы ауырып, көмек сұрап келген әтешке балалар көмектесті. Жемістер мен көкөністердің денсаулыққа пайдасы көп екенін, біз оларды көп жесек ауырмай үлкен болып өсетінін білді.
**Ұсынысым**: жеміс-жидек, көкөністердің атауын үш тілде атауды үйрету керек еді.

**Сөйледі:** Әдіскер Г.Айгабылова. Шаттық шеңберін жасады. Тәрбиешінің сөйлеу мәнері жақсы. Балалармен байланысы жақсы. Көрнекі құралдарды орынды пайдалана білді. Сергіту сәті де жақсы жоспарланған.

***Ұсынысым*:** Шаттық шеңберін жасағанда балалар сопақша болып тұрды.

**Сөйледі:** Тәрбиеші А.Мауленова. Оқу қызметінің жоспары жақсы жоспарланған. Балаларға сұрақтар қойып ой қозғады. Балалардың белсенділіктері жақсы.

***Ұсынысым*:** Дидактикалық ойын ойнатқанда ойынның аты айтылмады.

**Тыңдалды:** Тақырыпты тексерудің қорытындысы: «Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің ұйымдастырылуы.» ІІ кіші топ.

**Сөйледі.** Екінші мәселеде Д.Темирова тақырыптық тексерудің қорытындысына тоқталды. Балабақшаның II кіші тобында күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің ұйымдастырылуы бойынша тексеру жүргізілді.

Топта күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы – уақытында басталды. Шынықтыру шарасында - бір-бірінің арқасына массаж жасады. Қыздар әжетханаға кіргенде, ұлдар киінді. Қыздар киінгенде ұлдар әжетханаға кірді. Балалар өздері киініп шешініп, киімдерінің түйме, сырмаларын сырды.
Жуыну ептілігінде - алақанды бір-біріне, сыртына үйкеді. Бетін сумен шайды. Жеке гигиеналық шаралары сақталды. Тамақтану ережесін мәдениетті сақтау ептілігі жақсы.
«Алақай ойын» бөлімінде - «Қамбақ шал» ертегісін жаңа технология арқылы сөйлейтін кітаптан тыңдатты.
Серуен барысында тәрбиеші балаларға аула сыпырушы еңбегін бағалауды жерге қоқыс тастамау, қоқысты арнайы қоқыс шелекке салу керектігін айтты. Қимылды еркін ойындар ойнатылды.
**Нәтижеде:** Балалар белсенді. Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы жақсы. Тәрбиелік мәні бар әңгімелер әр бөлімде айтылды. Күн тәртібі жоспар бойынша жақсы, жасына сай алынған. Жаңа технология электронды кітаптан ертегі тыңдатты.
**Ұсынысым:** Киім шкафтарын толық жинамады.

**Тыңдалды:** «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» тақырыбында ашық есік күнін өткізу.

**Сөйледі:** балабақша меңгерушісі Д.Темирова. Жетісай аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сай 28 қараша күні балабақшамызда ашық есік күнін өткізу бекітілді. Оған қаладағы мемлекеттік және жекеменшік балабақшалардың меңгерушілері, әдіскерлері, тәрбиешілері келіп тамашалайды. Іс-шараға балабақша ауласы безендіріліп, қол өнер көрмесіне дайындық жүргізілсін. Әдіскер Г.Айгабыловаға ашық есік күнінің бағдарламасын түзіп, тәрбиешілерге ашық оқу қызметтерінің тақырыптары берілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі I, II және ортаңғы топтарда ұйымдастырылсын. Оқу қызметі барысында жаңа ақпараттық технологиялар қолданылсын. Музыка жетекшісі Г.Сейдилдаева «Рухани жаңғыру жарқын жол» атты музыкалық бағдарламаға дайындық жүргізсін. Бағдарламалар талқыланып, бекітілді. Музыка жетекшісі мен тәрбиешілерге жауапкершілікпен қарап балалар түгел қамтылып қатыстырылуын, ата-аналардың мерекеге қатысуын ұйымдастыруды тапсырды. Сахналық безендірулер жөнінде айтылды.

**Тыңдалды:** Ж.Абдуллаева «Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен, қоршаған ортаны таныстыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер» тақырыбында баяндама оқыды.

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап ,аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады.Табиғатпен таныстыру - балалардың танымын дамытудың басты құралдарының бірі. Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты - табиғатты аялап,оны қамқорлыққа алып күту,табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып,тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым

Сөйледі: Меңгеруші Д.Темирова. Оқу қызметтерінде балалармен байланыс көбірек жасалсын. Бала тілін дамыту, сөздерді байланыстыра сөйлеуі, диалог түрінде сөйлей алуға тәрбиешілер балаларды жаттықтырсын. Оқу қызметтеріне жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып жүргізілсін.

**ҚАУЛЫ:**

1. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне айтылған ұсыныстар ескеріліп, жұмыс барысында түзетілсін.
2. Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа технологиялардың әдістері енгізілсін,
3. Ата-ананы балабақша жұмысына , яғни бала тәрбиесіне белсендіре араластыру.
4. Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Мауленова «Елін сүйген Президент» тақырыбында 30 қараша күні ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізсін.

Төрайымы: Д.Темирова
Хатшы: Г.Айгабылова

**Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы**

**21.12. 2018ж** **Қатысқандар: 11**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы
2. Өткізілген ашық есік күнін өткізілу барысына талқылау.
3. Тақырыпты тексерудің қорытындысы: «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы. Ортаңғы топ.
4. Пікір алмасу: Ойын –бала білімін берік меңгерту құралы.
5. Шеберлік сыныбы: «Керексіз заттардың екінші өмірі» (қол моторикасына арналған ойындар)
6. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері:

- «Зимный природа» ортаңғы топ
- «Әніміз бар тамаша» II кіші топ

**1.Тыңдалды.** Өткен кеңестің қаулыларының орындалу барысы туралы.

**Сөйледі**: Меңгеруші Д.Темирова – балабақшамызда жоспарланған жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер өздеріне берілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізуде. Ата-аналармен тығыз қарым - қатынаста болу, оқу тәрбие жұмысын жан-жақты бақылау мақсатында ашық есік күні ұйымдастырылды.
Ұйымдастырылған оқу қызметі I, II-ші және ортаңғы топтарда ұйымдастырылды. Оқу қызметі барысында тәрбиеші А.Мауленова ақпараттық технологияларды қолдана отырып ортаңғы топ тәрбиеленушілерімен «Нан дастарханға қалай келеді» ойынын ребусты шешу арқылы жұмыс жасады. Ал тәрбиеші Г.Айгабылова II кіші топ балаларымен әртүрлі заттармен, сүт өнімдерімен қыстап қалған құстарға жем жасады. Жұмыс барысында тәрбиеші қауіпсіздік ережелерін, тазалықты сақтауды қатты қадағалады. Балалар құстар жайлы тақпақтар орындап, ойын түрлерін ойнады. Тәрбиеші Г.Бердібекова 2-3 жастағы балалармен жиналған күзгі жапырақтармен жапсыру бойынша жұмыс жасады. Балалар жасаған жұмыстары бойынша өздігімен сипаттама беріп, түстерді ажырата білді.

Психолог Г.Айгабылова қатысушылармен «Жапырақ тамырдан нәр алады» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырды. Тренингке ата-аналар мен тәрбиешілер қатысты. Қатысушыларға психолог сұрақ қою арқылы, балаларының іс әрекеттері, жақсы көретін тағамдары мен айналысатын істері туралы әңгімеледі. Ата-ана мен бала арасындағы сезім, мейірім туралы айтып өтті. Ата-аналар өз балаларымен табиғи материалдарды пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс жасап оған тақырып қоя отырып, қорғап әңгімеледі. Соңында жұмыстар бағаланып, сыйлықтармен марапатталды.

«Рухани жаңғыру жарқын жол» атты музыкалық бағдарлама көрсетіліп, бүлдіршіндер ән, би өнерлерін орындады. Бүлдіршіндердің киім үлгісі, сахнада өзін ұстауы, әнді жанды дауыста орындауы барлығы жоғары дәрежеде дайындалған.

Ашық есік күнін қорытындылау барысында ата-аналар балабақша қызметкерлеріне алғыстарын білдіре отырып, ризашылықтарын айтты. Әр ата-ана баласының балабақшадағы тыныс-тіршілігін, оқу қызметі барысындағы алғырлығы мен білімдерін көріп жақсы көңіл-күйде болғандығын атап айтты.

**Тыңдалды:** Ортаңғы «Қарлығаш» тобында жүргізілген тақырыпты тексерудің қорытындысы:

**Сөйледі:**
әдіскер Г.Айгабылова топта қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру оқу қызметі апталық жүктемеге сай (1,0 ) өткізілген.

Тәрбиешінің көрнекі құралдары жасақталған, пішіндер, сандар, сағаттар макеттері, тәулік мезгілдері, жыл мезгіліне, дидактикалық ойындар топтамасы, құралдары және әр түрлі тақырыпта альбомдары бар.

Балаларға арналған үлестірме материалдары: екі қалталы, әр балаға 5-еу үлестірме материал 2 комплект, заттың енін, біктігін өлшеуге арналған құралдар толық жасалған.

**Сөйледі:** меңгеруші Д.Темирова. Тәрбиеші өз ісіне ұқыпты дайындалған, керекті құралдарды алдын –ала таркатады оқу қызмет бағдарлама бойынша өткізілген. ҚМҰҚ кіріктірілген бірнеше ашық оқу қызметтерін өткізген.

Тәрбиешінің мәдени тілі байсалды, сауатты, балаларды өзіне қарата алады.

Оқу қызметте балалардың назарын шоғырландыруда , ұйымдастыруда әр түрлі тиімді әдістерді қолданды. Балалар оқу қызметке белсенді қатысады. Үлестірме материалдармен 50 % бала жақсы жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан. **Ұсынысым:** Үлестірме материалдармен жұмыс істеуде 100%-ке дағдыландырылсын.

**Тыңдалды:** Пікір алмасу: «Ойын –бала білімін берік меңгерту құралы».

**Сөйледі:** әдіскер Г.Айгабылова ойын – бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Әрине, тек көру, байқау арқылы емес, тікелей араласып, іс-әрекетке көшіп, накты қарым-қатынас барысында біледі. Ойын негізінен балаларға денешынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды құралы. Ойын балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, «Бала ойында қалай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады» - А.С.Макаренко солай жызыпты. Сондықтан келешек қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойын процессінде сөйлеу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар бір-бірімен пікірлесіп, өз ойларын толық жеткізе біледі.

**Сөйледі:** тәрбиеші А.Мауленова ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ойынды дұрыс қолдану үшін тәрбиеші ойындардың мазмұны мен өткізілу әдістемесін жете білу, әр бір тақырыпқа байланысты оқу жоспарына енгізу керек. Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: «Ойын баланың алдымен өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл – ойдың қалыптасуы мүмкін емес» деген. Ойынсыз ешқандай бала дамымайды, қалыптаспайды, ойын арқылы бүлдіршіндер қоршаған ортаны таниды. әсіресе, баланың өмірінде іскерлік ойындардың орны ерекше екенін айтып өтті.

**Сөйледі:** тәрбиеші Г.Бердібекова мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет – ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынасымен танысады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру , көңіл көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған.

**Сөйледі:** меңгеруші Д.Темирова мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Ойынның түрлері көп, соның ішінде маңыздысы –дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы баланың ой-өрісінің қалыптасуын, дамуын, балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімі сияқты қасиеттерге тәрбиелейді – деп қорытынды жасады.

*Ұсынысым:* Күннің екінші жартысында сюжетті-рөлдік ойындар, драмалық ойындар, дидактикалық құрылыс оындары, мысалы «Дүкен», «Аурухана», «Ұшақтар», «Отбасы», «Шаштараз», Құрылысшы» және тағы сол сияқты ойындар жиі ойнатылсын.

**Тыңдалды:** Шеберлік сыныбы: «Керексіз заттардың екінші өмірі» (қол моторикасына арналған ойындар)

Сөйледі: меңгеруші Д.Темирова. Кез келген үйден істен шыққан, керексіз заттардың табылары анық. Сол керексіз заттарды далаға лақтырмай, пайдаға асырып көрдіңіз бе. Баяғыда бір данышпан «Әлемді қоқысқа толтырып қайтесіз. Бұл әлем онсыз да лас» деген екен. Бұл сөздер біздің ойымызға дәл келіп тұрған сияқты. Ендеше керексіз заттарды керек қылып үйренейік.

**Әдіскер Г.Айгабылова** әріптестерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында дәстүрден тыс әдістерді пайдалана отырып «Керексіз заттардың екінші өмірі» тақырыбында шеберлік сыныбын жүргізді.

Шеберлік сыныбында алақанмен сурет салу және картоппен бастыру тәсілі, кляксография тәсілі, флоротипия (жапырақпен бастыру) және сулы қағазға салу тәсілі, қалдық материалдарды пайдалану, пластилинография (ермексазбен) дәнді дақылдармен жұмыс тәсілі, майшаммен сурет салу тәсілі, Тұзбен су бояумен сурет салу тәсілі, граттаж(тырнау) сурет салу тәсілдері бойынша шығармашалық жұмыстар жасалды.

**Тыңдалды.** Алдағы уақытта жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары бойынша.

Алтыншы мәселеде жылдық жоспарда жоспарланған ашық оқу қызметтерінің тақырыптарымен әдіскер Г.Айгабылова таныстырды.

Орыс тілі маманы Г.Акбердиева «Зимный природа» тақырыбында ортаңғы топта, «Әніміз бар тамаша» тақырыбында II-кіші топта ән-саз жетекшісі Г.Сейдилдаева ашық оқу қызметтерін өтеді.

**Меңгеруші Д.Темирова**. Оқу қызметтерінде балалармен байланыс көбірек жасалсын. Бала тілін дамыту, сөздерді байланыстыра сөйлеуі, диолог түрінде сөйлей алуға тәрбиешілер балаларды жаттықтырсын. Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып жүргізілсін.

**ҚАУЛЫ:**

1. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне айтылған ұсыныстар ескеріліп, жұмыс барысында түзетілсін.
2. Жаңа технологияға негізделген құралдар мен ойындар дайындалсын (дамыту және дидактикалық ойын)
3. Қарапайым математикалық оқу қызметтері жүйелі жобалансын. Барлық балалар толыққанды білімге ие болсын.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыбы «Зимный природа» ортаңғы топ орыс тілі маманы Г.Акбердиева. **Мерзімі:** 21.02.19ж

II кіші топтағы ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыбы «Әніміз бар тамаша» ән-саз жетекшісі Г.Сейдилдаева.
**Мерзімі:** 11.02.19ж

Төрайымы: Д.Темирова
Хатшы: Г.Айгабылова

## Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы

**22.02. 2019ж** **Қатысқандар: 14**

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы
2. «Баланың сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеуді дамыту деңгейі» тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындылары. II кіші топ
3. Балабақшадағы балалардың дене бітімін дамыту бағытындағы жұмыстың ұйымдастырылуы. 2018-2019 оқу ж. балалардың ауырып қалуы бойынша талдау
4. Баяндама: «Балабақшадағы дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары»
5. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері
   1. «Мамандықтың бәрі жақсы» ортаңғы тобы
   2. «Мен суретші боламын» . Ерте жас тобы
   3. «Әрқашан күн сөнбесін» I кіші топ
   4. «Су патшалығына саяхат» II-кіші топ

**1.Тыңдалды.** Өткен кеңестің қаулыларының орындалу барысы туралы.

**Меңгеруші Д.Темирова –** балабақшамызда жоспарланған жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер өздеріне берілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізуде. Ән-саз жетекшісі Г.Сейдилдаева «Әніміз бар тамаша» тақырыбындағы оқу қызметінде ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса би қимылдарын орындауға шақырды. Дауыс жаттығуы жасалды, «Ән салған кім?» музыкалық дидактикалық ойын ұйымдастырылды. Ал орыс тілі маманы Г.Акбердиева «Зимный природа» тақырыбындағы оқу қызметінде балалармен қыста тоңып қалған торғайға көмектесу үшін түрлі тапсырмалар орындады. Табиғат құбылыстарына деген баланың түсініктерін қалыптастыра білді. Сергіту сәті балаларға түсініксіз болып қалды Орыс тілінде балалар барынша сөйлеуге тырысты. Балалармен орыс тілінде әле де, болса жұмыстар жүргізілуі керек екен.

**Әдіскер Г.Айгабылова** - ән-саз жетекшісі сұрақтар қойып балалардың ойын жинақтады. Балалар тілектерін айтқанда көңілді болды.

*Ұсынысым: ойын ойнау барысында қателесіп кеткен балалардың қателіктерін түзетіп, қандай ойын ойнағанын шартын балаға толық түсіндіру керек еді.*

**Сөйледі: Тәрбиеші А.Мауленова-** орыс тілі пән мұғалімі шаттық шеңберін өткізді. Қимылды ойындарды балалар жақсы ойнады. Балаларға сұрақтар қойып ой қозғады..

**Тыңдалды:** «Баланың сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеуді дамыту деңгейі» тақырыпты тексерудің қорытындысы.

**Сөйледі:** Д.Темирова меңгеруші - кіші 3- 4 жас кезеңі дене және психикалық дамудың жоғары қарқындылығымен сипатталады. 3 жасында бала еркін сөйлейді «Сұрақ қойғыш» болады. Берген жауабыңызға қайтадан сұрақ қойып мазаңызды алуы мүмкін. Үш жастағы баланың сөздік қоры шамамен 300-ге жуық болады. Оның көбісі түсініксіз келеді. Біздің балабақшамыздағы 3-4 жастағы балалар «Аққу» II кіші тобы. Осы топтағы балалардың сөздік қорлары, сөздерді

байланыстыры сөйлей алу деңгейі қаншалықты екенін білу мақсатында тақырыпты тексеру жүргізілді. Топтаға балалар сөйлеуді дамыту білім бөлімінде суретке қарап әңгіме құрастырғысы келді 7-8 бала ғана байланыстырып суретті әңгімелей алды. Балалар киімдердің, кейбір жеміс-жидектердің, көкөністердің, аңдардың және үй жануарларының, олардың төлдерінің атауларын, шығаратын дыбыстарын ажыратты және айта алды. Балалар өз беттерімен топтағы балалармен тіл табыса алды, ойыншықтарымен бөлісіп бір-бірімен диолог түрінде сөйлесе білді. Қойылған сұрақтарды тыңдайды, сұраққа жауап берді, 4-5 бала толық ойын жеткізе алмады. Балалар топ бөлмесіндегі барлық заттардың атын, түсін таныды. Түстерді атауда Абдыкадыр Сезім, Муталхан Бекжан, Сатбай Қазыналармен жұмыс жүргізілуі керек. Тәрбиешінің сұрақтарына суретке қарап отырып жауап бере алды. Шағын тақпақтар, өлеңдер біледі. Балалар «кім?» «не?» және «қайда?» сияқты сұрақтарға жауап берді, бірақ «неге?», «қалай?» деген сұрақтарға қалай жауап беру керектігін түсінбеді. Балаларға тілді меңгеруге тәрбиешінің көмегі керек. Балалармен ойындар көп ойнатылсын. Ойын баланың өз ойын ашық жеткізуге, достарымен тілдік қарым қатынасқа түсуге көп мүмкіндік береді. Таңертеңгі қабылдаудан кейін шағын әңгімелер жүргізілсін, баланы тыңдай біліңіздер. *Анықтама қоса тіркелді*

**Тыңдалды:** Балабақшадағы балалардың дене бітімін дамыту бағытындағы жұмыстың ұйымдастырылуы. 2018-2019 оқу ж. балалардың ауырып қалуы бойынша талдау**.**

**Сөйледі: меңгеруші Д.Темирова** XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімімен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін , дененің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организімінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз.

**Сөйледі әдіскер Г.Айгабылова –** Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді. Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткізуге тиіспіз. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Ол әрбір жас топтарында аптасына 3 рет өткізіледі. Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде балалардың ақыл-ой тәрбиесі ғана жетілмейді, адамгершілік қасиеттер де қалыптасады, балалар ойын кезінде рольдерге бөліседі, ұйымдастырушылық қабілеттері жетіледі, жарыс кезінде өздерін ұстау қабілеттері дамиды. Бірін-бірі сыйлау, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде мәні зор. Спорттық ойында арқылы балаларды төзімділікке, қайратты шымыр болуға баулу қажет.

**Сөйледі: мейірбике Г.Кушербаева.** Қазір қыс мезгілі болғандықтан ЖРВИ, тұмаудың өршіп тұрған кезі. Қыс мезгілінде тұмауратқан кісілердің көбейіп кететіні белгілі. Оның алдын алып, сақтана білген жөн. Тұмаудың жеңіл түрімен ауыру ұзақтығы – бір апта. Дене қызуының 40 градусқа дейін көтерілуі, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, буынның және бұлшық еттің, бастың және тамақтың ауруы, жөтелу, мұрынның бітелуі, аурудың негізгі белгілері болып табылады. Балабақшамызда ЖРВИ тұмаумен ауырып жатқан балалар әзірге жоқ. Күнделікті балаларды қабылдамас бұрын 15 минут кварц қосылып, топ іші таза ауамен желдетілген соң балалар топқа кіргізілуде. Тұмаудын алдын алу шаралары жүргізілуде. Тұмаудың алғашқы белгілері байқалған жағдайда балабақша медбикесіне ескертіңіздер.

**Тыңдалды: Тәрбиеші Г.Бедібекова** «Балабақшадағы дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары» тақырыбында баяндама оқыды.

Шынықтыру деп организмнің қоршаған орта факторларына, әсіресе, метеорологиялық факторларға (шынығудың арнаулы әсері) қарсы тұру мүмкіндігін арттыратын процедуралар жүйесін түсінеді. Сонымен қатар шынығу организмнің қызмет қабілетін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға қарсы тұру дәрежесін арттырады. Мектепке дейінгі жаста дене тәрбиесінің сауықтыру, білім беру және тәрбиелік міндеттері жүзеге асырылады. Балалар дене бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану , ұйқы, бос уақытты дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл – ой мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі. Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткіземіз.
Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізі қалыбы болып табылады. Ол әрбір жас топтарында аптасына 3 рет өткізіледі. Дене шынықтыру жаттығулары баланың күн тәртібінде жас шамасымен үлкен орын алу керек. Олар бұлшық еттік белсенділікке ғана емес, суыққа да бейімділікті ұлғайту үшін себепші болатын факторлар болып табылады.
*Баяндама қоса тіркелді*
**Тыңдалды.** Алдағы уақытта жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары бойынша.
**Сөйледі: Г.Айгабылова әдіскер** - II кіші тобының тәрбиешісі Ж.Абдуллаева «Су патшалығына саяхат» тақырыбында, «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында ортаңғы топ тәрбиешісі А.Мауленова, «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында I кіші топ тәрбиешісі Г.Бердібекова, «Мен суретші боламын» тақырыбында ерте жас топ тәрбиешісі М.Зулпыкарова ашық оқу қызметтерін өткізеді. Оқу қызметі барысында көрнекі-құралдарды ретімен әрі үйлесімді қолданыңыздар. Балаларға топ болып жұмыс жасай білуге үйретіңіздер. Оқу қызметтеріне бес білім беру саласы кіріктірілсін. Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып жүргізілсін.

## ҚАУЛЫ:

1. Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа технологиялардың әдістері ендірілсін.
2. Балалардың денсаулығын нығайтуға байланысты ойындар, қимылды ойындар, сауықтыру шаралары мейірбикенің бақылауымен жүргізілсін.
3. Дене жаттығуларына арналған керекті құралдар талапқа сай жинақталсын.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыбы «Су патшалығына саяхат» II кіші тобының тәрбиешісі Ж.Абдуллаева. **Мерзімі:** 14.05.19ж

Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Мауленова ұйымдастырылған оқу қызмет тақырыбы «Мамандықтың бәрі жақсы» **Мерзімі:** 17.05.2019ж
«Әрқашан күн сөнбесін» I кіші топ тәрбиешісі Г.Бердібекова Мерзімі: 03.05.2019ж.
«Мен суретші боламын» ерте жас топ тәрбиешісі М.Зулпыкарова **Мерзімі:** 16.05.19ж

Төрайымы: Д.Темирова
Хатшы: Г.Айгабылова

## Педагогикалық кеңестің №5 хаттамасы

**22.05. 2019ж** **Қатысқандар: 14**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық есебі.
3. Қорытынды мониторинг.
4. Оқу – тәрбие үдерісінде жыл бойына жүргізілген жұмыстарға талдау, келесі оқу жылына жұмыс бағытын белгілеу.
5. Жазғы сауықтыру жұмыстарын бекіту.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы жөнінде.

**Меңгеруші Д.Темирова** – балабақшамызда жоспарланған жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер өздеріне берілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізуде. Ата-аналармен тығыз қарым - қатынаста болу, оқу тәрбие жұмысын жан-жақты бақылау мақсатында ашық есік күні ұйымдастырылды.

**Сөйледі:** Г.Айгабылова балабақша әдіскері. Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Мауленова «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбындағы оқу қызметінде білім беру салаларын кіріктіре отырып жоспарлаған. Балалардың белсенділіктері жақсы, сөйлеу мәнері сөздерді байланыстыруы жақсы. Тәрбиеші мамандықтармен таныстырып өтті. Балалар мамандықтар туралы тақпақтар айтты. Ауырып қалған қуыршаққа көмектесу үшін жедел жәрдемге қоңырау шалды, қандай сымтетікке қоңырау шалу керектігін білді. Дәрігер келіп қуыршаққа алғашқы жәрдем көрсетті. Шығармашылық орталықта мамандық иелерінің адасқан құрал-жабдықтарын тауып, қай мамандық иесінің құралы екенін айтып берді.

*Балалармен тәрбиешінің оқу қызметіндегі байланысы төмен болды. Тек тәрбиеші көп сөйледі.*

«Мен суретші боламын» тақырыбында М.Зулпыкарова оқу қызметін өткізді. Балалармен бірге қимылдар жасай отырып шаттық шеңберін орындады. Арнайы түрлі –түсті фетрадан жасалған көрнекіліктерді пайдалана отырып тапсырмалар орындатты. Балалардың қол маторикасын дамытты.

**Тәрбиеші А.Мауленова** –ІІ кіші топтағы «Су патшалығына саяхат» оқу қызметі жақсы жоспарланған. Ұйымдастырушылық ізденістік бөлімінде тәрбиеші балаларға су асты әлемі туралы жақсы жеткізе білді.

«Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында оқу қызметінде балалармен топтық және жеке жұмысты да жоспарлаған. Тәрбиешінің сөйлеу мәнері жақсы. Тапсырманы балаларға түсінікті етіп жеткізе білді.

***Ұсынысым: Тәрбиеші оқу қызметін толық ашып көрсету үшін әле де, болса көп жұмыс жасау керек* де ойлаймын.**

**2.Тыңдалды:** Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.

**Сөйледі: Әдіскер Г.Айгабылоав –** «Дамыту ойындары арқылы балаларды математикалық ұғымдарын қалыптастыру» тақырыбындағы шығармашылық жұмысында дамыту ойындарының мазмұны, ойынды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері балалардың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттардың түсі, өлшемі, пішіні бойынша тотастыруға, салыстыруға, ажыратуға, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйрету жолдарын айтты.**Тәрбиеші А.Мауленова –** шығармашылық жұмысының тақырыбы: «Көркем шығарманы оқытудың жолдары» тақырыпқа кіріспе жасалған. Ертегі арқылы балалардың ойлау қабілетін, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу. Ертегінің бала тәрбиесінде алатын орны жайында , сонымен қатар жұмбақтар, әңгімелер, өлең оқу балалардың дамуына ықпалы зор екендігі және тәжірибе барысында қолданғанын олардың тиімді жолдарына ертегі терапиясының маңыздылығына тоқталды.

**Музыка жетекшісі Г.Сейдилдаева -** «Балаларды музыкалық сауаттылыққа баулу» балабақшадағы музыкалық тәрбиенің маңызы және баланың бойында музыкалық қабілетін арттыру жолдары туралы айтты. Баланың жалпы музыкалық қабілетін дамытуда алдына қойған үш мақсатқа тоқталды.

**Тәрбиеші М.Зулпыкарова –** балабақшада балаларды салауатты өмір салты мен ұқыптылыққа баулу мақсатында «Таңертеңгілік жаттығудың пайдасы» тақырыбындағы шығармашылық жұмысымен таныстырды. Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, қимыл қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, ептілікке баулу белсенділігін арттыру.

**Тәрбиеші Г.Бердібекова -** шығармашылық жұмысының тақырыбы «Ерте жас тобындағы балалардың мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру». Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени – гигиеналық дағдыларын арнайы әдістер мен тәсілдер арқылы қалыптастыру жолдарына тоқталыпөтті.

**Тәрбиеші Ж.Абдуллаева –** «Балалардың ойын әрекеті» Барлық шығармашылық жұмыстар әле де толықтырулар мен іздену, еңбектенуді қажет ететінін айтылды.

**4.Тыңдалды:** Қорытынды мониторинг туралы.

**Сөйледі: Г.Айгабылова әдіскер -** педагогтарды шеберліктері мен іскерліктерінің бағалану деңгейінің мониторингі жөнінде талқылап өтті. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі балалардың Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының мазмұнын игеру барысында қалыптасатын дағдыларға сәйкес анықталады және балалардың даму индикаторларына сәйкес өлшенеді. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг 15-25 мамыр күндері аралығында балабақшаның 4 тобында жүргізілді. Бақылау парағын әр топқа тәрбиешілер жасады. I кіші топта балалардың үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы деңгейі I деңгейдегі -20%, II деңгей- 43%, III деңгей-37%, II кіші топта I деңгейдегі – 16%, II деңгей- 44%, III деңгей- 40,%, Ортаңғы топтағы тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы деңгейі I деңгейдегі – 8.8/%, II деңгей- 67.2%, III деңгей- 24%, Тәрбиешілердің біліктілік деңгейін анықтау индикаторы бойынша Д.Темирова - 3,3, Г.Айгабылова -3,3, А.Мауленова-3,3, М.Зулпыкарова-3, Ж.Абдулаева—3,1, Г.Бердимуратова – 2.7 осындай деңгей көрсетті. Балабақша тәрбиешілерінің жалпы көрсеткіші 3- II деңгей болды.

**4.Тыңдалды:** Оқу тәрбие үдерісінде жыл бойына жүргізілген жұмыстарға талдау, келесі оқу жылына жұмыс бағытын белгілеу.

**Сөйледі:** Әдіскер Г.Айгабылова – 2018-2019 оқу жылына балабақшаның жылдық оқу жоспары жасалды және әр айда атқарылатын іс-шаралар жоспарланды. Балалардың денсаулығын басты назарда ұстап, балаларды балабақшаға қабылдау жұмыстары жүргізілді. Топтардың дайындығы, топта бала өзін еркін, қауіпсіз сезінуі үшін қандай жағдайлар жасалған, сонымен қатар нендей кемшіліктер бар екенін анықтау мақсатында топтарды шолу тексеру жүргізілді. Толықтыруды қажет ететін мәселелер өз уақытында жасалды. Оқу қызметінің кестесі түзілді, үлгілік оқу бағдарламасы негізінде тәрбиешілер тақырыптық жоспар жасады. Оқу жылының басында балаларға бастапқы бақылау жүргізілді. Балалардың білім, білік дағдыларының деңгейі анықталды. Оқу –тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуды қарастыру мақсатында 5 педагогикалық кеңес жоспарланды. Онда тәрбиешілерге арналған тренингтер мен баяндамалар жоспарланды. Тәрбиешілерге жыл бойына өткізетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары бекітілді. Мерекелік ертеңгіліктер жоспар бойынша өткізілді. Тіл мерекесін арнап «Ана тілім - айбыным» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді, 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай «Елін сүйген Президент», 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арнап «Тәуелсіз ел - Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктер өткізілді. Балабақшада өткізілген іс-шараларға ата-аналар белсенді түрде ат салыса білді. Балаларды салауатты өмір салтына баулу, денсаулығының қалыпты өсуіне жағдай жасау мақсатында сауықтыру шаралары жүргізіліп, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балабақшадағы оқу –тәрбие жұмысын бақылау мақсатында тақырыпты, шолу, бастапқы аралық қорытынды мониторингтері жүргізілді. Жас мамандарға, педагогтарға кеңестер берілді. Биылғы оқу жылында балабақша ұжымы бала тәрбиесімен білім алуына бар білімдерімен шеберліктерін салды деп ойлаймын. Жазғы маусым айында келесі оқу жылына дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер мен спорттық құралдарды, театр түрлеріне арналған ертегі кейіпкерлерін толықтыруымыз қажет деп ойлаймын.

**5.Тыңдалды:**Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту.
**Сөйледі:** Д.Темирова меңгеруші – жаз мезгілінің басталуына байланысты, балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметтері жеңілдетіледі. Балалардың балабақшадағы уақытың көп бөлігі таза ауда өткізіліп, жазғы сауықтыру шаралары жүргізіледі. Балалармен жазғы оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен кестеге ауысып, негізгі міндеттерімізді жауапкершілікпен атқаруға шақырамын. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қолға алайық, тиімді, қауіпсіз ыңғайлы болуына көңіл бөліп, әрқашан есте сақтайық.

Спорттық жарыстар ұйымдастыру жоспарлансын. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар әр алуан, қызықты ұйымдасқан түрде өткізілсін. Жазғы маусымдық күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекітті. Ата-аналар жазғы демалысқа балаларын алып кететін болса балабақша меңгерушісіне баласының орыны сақталып қалуы үшін өтініш жазуы керек. Тәрбиешілер ата-аналарыңызға айтыңыздар -деді

**Қаулы етті:**

**1.** Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын толықтырып, білімін жетілдіруде ізденсін.
3. Жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесіне сай жұмыс жүргізілсін.Жауапты әдіскер Г.Айгабылова мен мейірбике.

Төрайымы: Д.Темирова.
Хатшы: Г.Айгабылова

«Ақсана» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

Бекітемін
Балабақша меңгерушісі
_______ Д.А.Темирова.

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАЛАРЫ

2019-2020 оқу жыл

## Педагогикалық кеңестің

## №1 хаттамасы

**28.08. 2019ж** **Қатысқандар: 9**

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбиенің бүгіні мен болашағы»

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысын қорытындылау.

2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен және талаптарымен таныстыру, енгізу

3.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы. Әдістемелік нұсқаулық хаты

4. 2019 – 2020 оқу жылының жылдық жоспарын, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, оқу жүктемесін, перспективалық жоспарын вариативтік компонент бөлімін жоспарлау, бекіту.

5. 2019 – 2020 оқу жылында аттестаттау комиссиясын және аттестациядан өтетін педагогтар құрамын бекіту.

**1.Тыңдалды:** Жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуі барысы туралы.

**Сөйлегендер:** Балабақша әдіскері Г.Айгабылова – жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға,эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасап, жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзартамыз. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін, денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған жұмыстар топтарда жүргізілді. Жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстарында ауызды шаю, қолды жуу, ауа және күн ванналарын қабылдау, құм үстінде жалаң аяқ жүру сияқты шынықтыру шаралары күнделікті жүргізілді.

**Тәрбиеші:** А.Мауленова

Мен ортаңғы тобындағы балалардың жаз мезгіліндегі денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлдім. Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспарына сай балаларды еңбекке баулу, табиғаттағы өсімдіктерге қамқорлық көрсетіп күтіп баптауға үйреттім. Сауықтыру

шаралары үздіксіз жүргізіліп отырылды. Атап айтсам құм үстінде балалар жалаң аяқ жүріп, түрлі дене жаттығуларын жасап, дәрімендерге бай сусындармен тағамдармен тамақтанды.Қимылды ойындарда балалар белсенді ойын ойнады. Күн ыстық уақытта балалар көлеңкелі жолдармен жүгіріп шынықтыру және тыныстау гимнастикасының кешенін орындады.

**Тәрбиеші** Ж.Абдуллаева

Мен «Аққу» ІІ кіші тобының балаларының таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, спорттық ойындар ойнатуға көп көңіл бөлдім. Жаз бойына ата-аналармен тығыз қатынаста болып, демалыс күндерін жоспарлағанда қауіпсіздік шараларын естен шығармау жөнінде кеңестер беріп отырдым. Елордамыз күніне орай «Астана ғажап қала» мерекелік ертеңгілігін ұйымдастырдым

*Жазғы сауықтыру шараларының есебі қоса тіркелді.*

**2.Тыңдалды:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Д.Темирова.

Құрметті балабақша ұжымы сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Жаңа оқу жылында жақсы жетістіктер көрсетеміз деп сенемін. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесінің мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес қамтамасыз етілетінін білесіздер. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен таныстырып өтейін.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы ережелеріне тоқталды. Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны Үлгілік оқу бағдарламасы мен және бес білім беру салаларына негізделіп жүргізіледі. Жас топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің аптадағы жалпы көлемі ерте жас тобы (1-2 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 7сағат, І кіші топ (2-3 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 9 сағат, ІІ кіші топ (3-4 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 11 сағат, ортаңғы топ (4-5 жастағы балалар) –ұзақтығы 15-20 минуттан 12 сағат, ересектер тобы (5-6 жастағы балалар) –ұзақтығы 25-30 минуттан 17 сағат,орта білім беру ұйымындағы мектепалды даярлық сыныбы (6-7 жастағы балалар) –ұзақтығы 25-30 минуттан 20 сағат. Жас кезеңдері және жас топтары ерте жас – 1 жастан 2 жасқа дейін, кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін, 3 жастан 4 жасқа дейін ортаңғы топ, 4 жастан 5 жасқа дейін –ересек топ, 5 жастан 6 жасқа дейін – мектепалды даярлық тобы (мектепке дейінгі ұйымда), мектепалды даярлық сыныбы (орта білім беру ұйымында).
1 жастан 6 жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл болатынын атап ,қысқаша айтып өтті

**3.Тыңдалды:** Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты.

**Сөйледі:** Әдіскер Г.Айгабылова

Әдістемелік нұсқау хат меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлеріне, тәрбиешілер мен мамандарға әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Мектепке дейінгі ұйымдарда 2019-2020 оқу жылында білім беру процесін іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы негізгі платформа болып табылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басым бағыттары: мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру және балаларды ерте дамыту. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайында білім беру процесінің негізгі міндеттері: мектепке дейінгі ұйымда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау. Балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу («Рухани жаңғыру» бағдарламасы). Жалпы, жаңартылған мазмұн жағдайында білім беру процесі.

Мектепке дейінгі ұйымда оқу жылының басталуы мен аяқталуын сәйкестендіру үшін 1 қыркүйекке дейін толық жасқа жету ескеріледі.

Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Барлық жас топтарында Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ортаңғы топтан (3 жастан) бастап вариативтік компонент енгізіледі. Вариативтік компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, сұраныстары мен қызығушылықтары және мектепке дейінгі ұйым қызметінің бағыты ескерілуі қажет. Білім беру процесі өтпелі тақырыптар мен апталық циклограмма негізінде перспективалық жоспарға сәйкес іске асырылады. Балалардың түрлі жас кезеңдерінде даму деңгейін бағалау үшін мониторинг жүргізіледі.

-1 қыркүйектен 30 мамырға дейін Үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқыту-тәрбиелеу процесі іске асырылады;

-1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі. Бұл кезеңге перспективалық жоспар мен ҰОҚ-нің жеңілдетілген кестесі құрылады, оның құрамына: көркем әдебиет-1 сағат, музыка-2 сағат, қоршаған ортамен танысу-0,5, құрастыру- 0,5, дене шынықтыру- 3 сағат, бейнелеу өнері: сурет салу-1 сағат, мүсіндеу мен жапсыру (ауыстырылып өткізіледі) - 0,5 сағат енгізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарда каникул кезеңі жоқ. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесін жоспарлау Перспективалық жоспарға, циклограмаға сәйкес іске асырылады. Балалардың түрлі жас кезеңдерінде дамуын бағалауға мониторинг жүргізіледі. Балаларды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу.

Іс - қағаздарының жүргізілуі мен дұрыс ұйымдастырылуына, құжаттардың мезгілінде орындалуы және олардың сақталуына жауапкершілік мектепке дейінгі ұйым басшысына және штаттық кесте бойынша тиісті қызметкерге жүктеледі. Тәрбиешілерге, педагогтерге, әдіскерлер мен басшыларға арналған құжаттардың толық тізбесі (2018-2019 жылдарға арналған Әдістемелік- нұсқау хатқа сәйкес) сақталады деп таныстырып шықты.

**4.Тыңдалды:** Жаңа оқу жылының жылдық жоспарын, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, оқу жүктемесін, перспективалық жоспарын вариативтік компонент бөлімін жоспарлау, бекіту.

**Сөйледі:** Меңгеруші Д.Темирова

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметін басқару тәсілдерінің өзгеруіне байланысты жылдық жоспардың құрылымын өзгерту қажеттілігі пайда болды. ЖАББ-нің ұсынылған структуралы моделі негізінде балабақшаның бір жылдық жұмыс жоспары жасалды. Биылғы жылға Балабақша және отбасы: жаңартылған білім беру мазмұны аясында табысты түлектің құзыреттілігін қалыптастыру мақсатын алға қойып, мына міндеттер бойынша жұмыстар жүргізуді жоспарлап отырмыз.

1. Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру.
2. МДҰ-ның тәрбиелеу-білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы мектепке дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.
3.Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік белсенділіктерін дамыту.

Меңгеруші Д.Темирова жылдық жоспарда жоспарланға іс-шараларға тоқталып өтті. Тәрбиешілер перспективалық жоспарды өтпелі тақырыптар негізінде құрасыздар. Әдістемелік нұсқаулықта педагог өтпелі тақырыптарды таңдауда өңірлік ерекшеліктерге, балалардың жастарына немесе білім беру ұйымының тақырыптық бағытына бағдар жасай отырып, шығармашылық құзыреттілігін танытуы тиіс делінген. Педагог-мамандар (орыс тілдері мұғалімдері, ағылшынтілдері және т.б.) бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес перспективалық жоспар құрады. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға циклограмма құрылады. Педагогикалық ұжым перспектеивалық жоспар, вариативтік бөлімнің жоспарын да, құрып бекітті. Биылға оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметі 2018-2019 оқу жылындағы кесте бойынша жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай топ атаулары өзгертіледі, сағат жүктемелері жаңа нұсқаулықта көрсетілгендей болып өзгертілді.

**5.Тыңдалды:** 2019 – 2020 оқу жылында аттестаттау комиссиясын және аттестациядан өтетін педагогтар құрамын бекіту.

**Сөйледі:** балабақша меңгерушісі Д.Темирова аттестаттаудан өткізу тәртібін түсіндірді. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары Қ.Р-ның 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қ.Р-ның Заңына сәйкес білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.Аттестаттаудың шарттары – жүктілігі және босануы бойынша демалыстағы және бала үш жасқа толғанша оған күтім жасауүшін жалақысы сақталмайтын демалысытағыларды қоспағанда, барлық қызметшілер аттестауға жатады, қызметшілер әрбір кейінгі үш жыл өткен соң аттестаттаудан өтетін білім және ғылым ұйымдарының басшыларын қоспағанда, азаматтық қызметте болған әрбір кейінгі бес жыл өткен соң, бірақ осы қызметке орналасқан күнінен бастап алты айдан бұрын емес аттестаттаудан өтеді. Аттестаттау көрсетілген мерзім басталған күннен бастап алты ай кешіктірілмей өткізіледі. Бала күтімі бойынша демалыста жүрген қызметшілер қызметке шыққаннан соң алты айдан кейін ғана аттестатталады. Қызметшілерді аттестаттау

олардың өтініштері көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін өткізіледі. Аттестаттау комиссия құрамы бекітілді. Аттестациядан өтетін тәрбиешілер тізімін анықталды.

**Қаулы :**

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары жақсы деп бағалансын.
2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы мен талаптары сақталып, орындалсын.

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен танысып, өтпелі тақырыптар бойынша перспективалық жоспар бекітілсін.

4. Жылдық жоспарда көрсетілген міндеттері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысы жүргізілсін.
5. Аттестаттау комиссиясының төрайымы Д.Темирова, мүшелері әдіскер Г.Айгабылова медбике болып бекітілсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Д.А.Темирова**

**Хатшы:** **А.Мауленова**

**Хаттама №2**

**26.10.2019ж** **Қатысқандар: 9**

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл белсенділігін дамыту»

Күн тәртібі.

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тақырыпты тексеру қорытындысы: «Мектепке дейінгі жастағы балаларда тіл дамыту жұмысының тиімділігі және ұйымдастыру» кіші топта
3. Баяндама: «Баланың қалыпты жетілуі. Тілдік қорларының жетілуі»
4. Тәрбиешінің іс-тәжірибесінен: «Арт терапияның сөйлеу қабілетіндегі орны»
5. Ашық оқу қызметінің көрсетілімдері.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
**Сөйледі:** Сөз кезегін меңгеруші Д.Темирова алды. Өткен кеңестің шешімдеріне тоқтала кетсек үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған бес білім саласы кіріктіру негізінде жүзеге асырылды. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарын, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, оқу жүктемесін, перспективалық жоспарын, вариативтік компонент бөлімі жоспарланып бекітілді.
**2. Тыңдалды:** Тақырыпты тексеру қорытындысы: «Мектепке дейінгі жастағы балаларда тіл дамыту жұмысының тиімділігі және ұйымдастыру» кіші топта
**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Д.Темирова. Тексеру барысында анықталған: тәрбиешілердің технологиялық картасы, апталық жоспары, айлық жоспардағы тақырыптарға сай келеді. Таңғы қабылдаудан соң, тәрбиеші топта топтық әңгіме жүргізді. Балалардың сөздік қорлары өскен. Топтағы кейбір балалар кейбір дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады,тәрбиеші қойған сұрақтарға дұрыс жауап берді. Ойыншықтармен ойнау барысында айналасындағы адамдардың көптеген әрекеттерін бейнелей алды. «Мен машинамен ойнаймын», «Қуыршақты жуындырамын» іс әрекеттерін жоспарлай алды. Оқу іс әрекеті барысында тәрбиеші қарапайым сұрақтар қойды. «Бұл не?», «алма» бала жауабына қарай күрделендіре түсті. «Ол қайда өседі?» т.б. достарымен қарым қатынас жасауда «алуға рұқсат па?», «рахмет», «Сәлеметсіз бе?» сөздерін қолдана бастаған. Болмайды, рұқсат сөздерін түсініп дұрыс әрекет жасай алды. Балалар қоршаған ортадағы заттарды жеке жеке байланыстыра айта білді.

Жалпылау түрлерін мысалы, жабайы жануарлар, ойыншықтар сөзімен бала әртүрлі, бірақ біріне ұқсас заттарды жалпылайды. «Мен жасаймын...» бір істі істемес бұрын алдына максат коя білді. Жаңа сөздер қайталанды. Бір екі сөзбен емес тіркестерді толық айтуға үйретті. Ойындар ойнағанда да, өз қалауларын толық түрде жеткізіп отырды.

**3. Тыңдалды:** Баяндама: «Баланың қалыпты жетілуі. Тілдік қорларының жетілуі»

**Сөйледі:** Балабақша тәрбиешісі Г.Бердимуратова өз баяндамасында Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында, баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту мәселесі барлық сабақта жүзеге асырылады, бағдарламаның ең көлемді бөлімі ана тілі және айналадағы дүниемен таныстыру, -делінеді. Бағдарламаның осы бөлімінде тілдің қоғамдық рөлі, лексикалық қоры, оны дамыту, тіл тазалығы, сөздің дыбыстық құрамын меңгерту, мәнерлі сөйлеуге үйрету, тіл мәдениетіне, көркем сөз өнеріне баулу мәселелері қарастырылған. Аз сөзбен көп мағына беретін мақал, мәтел, аңызертегілер, эпостық шығармалар ғасырлар бойы ауыздан ауызға жатталып, жинақтала келе бүгінгі ұрпақтың рухани азығына айналып отыр. Бала тілін ұстартуда бұл халық қазынасы – ауыз әдебиетінің орны ерекше. Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин де балаларды оқыту – тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармашылығының маңызды орын алатынын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай – қай тілде болса да еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», -деген болатын.

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты – жас ұрпақтың ой – өрісін, сана сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім – дағдыларға үйрету. Сол себепті педагогика мен «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында» сәбидің тілін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету, үйренгенін күнделікті өмірде пайдалана білуге жаттықтырып отыру ісіне назар аударады. Өйткені, баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі – тіл болып табылады. Ал тілдің дамуы оның сана – сезімін, ой – өрісін жетіле түсуіне негіз болады. Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрбылас балалармен белсенді түрде сөздік қарым -қатынас жасайды. Өмірдегі түрлі іс – әрекет жайын білуге құмарта түседі. Өзі түсінген түрлі жайттар туралы әңгімелейтін болады. Баланың өмірлік тәжірибесін дамыту, айналадағы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір арнаға түсіру балабақшада арнайы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір арнаға түсіру балабқшада арнайы өтетін сабақ, ойын, еңбек процестерінде тәрбиешінің басшылығымен іске асады. Балаға бағдарламалық материал негізінде білім беруге басаназар аудару қажет. Оқу жылында жоспар жасағанда баланың жақсы сөйлей білуін бағдарлау, сөздік қорын дамыту, ой – өрісін кеңейту жұмысында өте мұқият қарау қажет. Ол үшін әр тәрбиеші, әрбір бақша меңгерушісі бағдарламада берілген материалдарды ыждағатықпен оқып, үйренуі керек. Осыдан соң тәрбиеші қандай тақырыпты қай кезде, қалай, қандай мақсатта, қай сабақпен байланыстыра өткізу керектігін анықтай

отырып, әр сабаққа қажетті материалды балаларға қойылатын нақты сұрақтарды (көркем әдебиет, тақырыбы, ойын) көрсетіп жоспарлайды. Тәрбиеші қай кезде нені өтуге болатынын іріктеп алып (тақырыпты) жоспар жасайды. Бақылатып көрсету, әңгімелесу кезінде баладан сұрап, өзіне айтқызу, оларды жиірек сөзге қатыстыру ісіне көңіл бөлу.

**4. Тыңдалды:** Тәрбиешінің іс-тәжірибесінен: «Арт терапияның сөйлеу қабілетіндегі орны»
**Сөйледі:** Балабақша тәрбиешісі А.Мауленова. Қазіргі уақытта психотерапияның маңызды салаларының бірі ол арт-терапия болып саналады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапияның әдістердің жаңа түрі болып есептеледі. Қазір Қазақстанда арт-терапия өзінің қалыптасу кезеңінде. Бұл сала Қазақстанда әлі де болса толығымен зерттелмеген деп айтуға толық негіз бар, себебі осы салада елімізде ғылыми жұмысты айтпағанның өзінде бітіру жұмысыда жоқ екендігі дәлел. Сонымен қатар арт-терапия түсінігі біздің елімізде әлі толығымен қалыптаспаған. Арт-терапиямен айналысу үлкен профессионалды дайындықты, психология аймағында іргелі білімді талап ететін қиын іс-әрекет болып есептеледі. Қазіргі кезде мұндай мамандар жоқтың қасы. Осыған қарамастан арт-терапияны қолдануға деген қызығушылық өте жоғары. Арт-терапия – өнер арқылы емдейтін шығармашылық терапиясы. Бұған жүгінгендер шығармашылық қабілетін арттырып қана қоймай, бойындағы қасиеттердің мүмкіндігін түсініп, оны аша алады. Сонымен қоса, креативтіліктің дамуына, өмірдегі кез келген жағдайды шешуге пайдасын тигізеді.

**5.Тыңдалды:** Ашық оқу қызметінің көрсетілімдері.
**Сөйледі:** «Менің мейірімді отбасым» тақырыбындағы оқу қызметі жүргізілді. Кіші топ тәрбиеленушілермен өтілген оқу іс - әрекеті әдеттегідей жылулық шеңберімен басталды. «Қатынас » білім саласының «сөйлеуді дамыту» бөлімі алынған. Отбасы туралы тақпақтар айтты. Отбасы дегеніміз не? Деген сұраққа жауап берді. Ғажайып сәтте топқа қоян қонаққа келеді. Ол өзінің отбасын жоғалтып алғанын айтты. Тәрбиеші балалармен бірге көмек береміз деді. Арнайы буклеттерге қояннның отбасын тауып реттестіріп орналастырып берді.
Меңгеруші Д.Темирова өз ой – пікірін айтты. Балаларға үлестірмелі материалдар жеткіліксіз болды. Балалар отбасы жайында тақпақтар оқыды. Сергіту сәті жасалды. Алайда балалардың тақырыпты түсінуі төмен болды.
Балалармен сөйлесіп сұрақтар жиі қойып байланыста болсын. «Анама арналған орамал» тақырыбында ортаңғы топта оқу іс - әрекетін көрсетті. Балалар аналарына арнаған тақпақтарын айтты. Тосын сәт: топқа ханшайым кіріп келді. Ол балаларға өзінің әдемі ормалын жоғалтып алғанын және көмектескендерін сұрайды. Тәрбиеші балалармен бірге шығармашылық орталыққа барып орамалға әдемі гүлдер жабыстырды.

Балабақша меңгерушісі Д.Темирова балаларға үстел үсті ойындарын ұйымдастыру, күнделікті сұрақтар қойып отыру керек еді. Дегенмен ұйымдастырылған оқу қызметі қызықты өтті, -деп өз ойын білдірді.
Осылайша ұйымдастырылған оқу іс - әрекеттері жеке – жеке талқыланды.

**ҚАУЛЫ:**

1. Жылдық жоспарда белгіленген іс – шаралар жүргізілсін. Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің кестесі әрбір топта бекітіліп, оқу іс – әрекеті кесте бойынша жоспарлансын.
2. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқулықтармен, журналдар жинақталып оқып, білімдеріңізді толықтырылсын.

Төрайымы: Д.А.Темирова
Хатшысы: А.А.Мауленова

## Хаттама №3

30.12.2019 ж Қатысқандар: 9

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйым қызметінде бала денсаулығын сақтау»

Күн тәртібінде.

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Баяндама: «Балалар денсаулығын сақтау жұмысының тиімділігін арттыруда денсаулық сақтау технологиясын қолдану»
3. I – жарты жылдық бойынша балалар ауруына талдау
4. Тақырыпты тексерудің қорытындысы: «Денсаулық білім бөлімінің бағдарламалық талаптарға сай жүргізілуі» ересек топ
5. Баяндама: «В.Восковичтің ойын технологиясын қолдану ерекшеліктері»
6. Ашық оқу қызметінің көрсетілімдері.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.

**Сөйледі:** Бірінші сөз кезегін меңгеруші Д.Темирова алды. Өткен кеңестің шешімдеріне тоқтала кете мектепке дейінгі ұйымдарға арналған журналдарға жазылдық – деді. Оның ішінде «Бала мен балабақша», «Отбасы балабақша», «Мектепке дейінгі ұйымдардағы меңгеруші мен әдіскердің жұмысы», «Өзін - өзі тану журналдарына жазылдық.

Шығармашылық білім саласының «сурет» білім бөлімінде балалармен дәстүрден тыс әдістерді қолданып оқу іс - әрекеттерін тәрбиешілер алып баруда. Балалардың жұмыстары жинақталып, өз папкаларында сақталуда.

**2.Тыңдалды:** Баяндама: «Балалар денсаулығын сақтау жұмысының тиімділігін арттыруда денсаулық сақтау технологиясын қолдану»

**Сөйледі:** мейірбике сөз алды. Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.
Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-

жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организімінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз,-деп аяқтады.

*Баяндама анықтамасы қосымшада тіркелді.*

**3.Тыңдалды:** I – жарты жылдық бойынша балалар ауруына талдау.

**Сөйледі:** мейірбике сөз алды. Ол өз сөзінде балалар дене дамуының көрсеткіштерін сарапталғанын айтты. Әр топ балаларының жеке – жеке бойын, салмағын өлшеп, дене тазалығын тексердім. Тексерілген балаларды жеке – жеке анықтап арнайы дәптеріме түсірдім.

**4.Тыңдалды:** Тақырыпты тексерудің қорытындысы: «Денсаулық білім бөлімінің бағдарламалық талаптарға сай жүргізілуі» ересек топ

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Д.Темирова Жалпы бала саны – 24, келгені – 21.

Денсаулық бұрышы толық жабдықталған. Топ іші тазалығы жақсы. Жеке гигиенаның орындалуы қанағаттанарлық. Балалар сапта тұруды, бір-екіге саналуды толық меңгерген. Денсаулық білім саласында аптасында екі рет заттай, екі рет сатсыз өтілді.

**Ескерту:** Топта бала жасына сай орталықтар, көрнекіліктермен толықтырылсын.

**5.Тыңдалды:** Баяндама: «В.Восковичтің ойын технологиясын қолдану ерекшеліктері»

**Сөйледі:** Балабақша тәрбиешісі А.Мауленова сөз алды. Балада ойынға деген құштарлық бар, оны тек қанағаттандыру керек,- деген екен, Антон Макаренко. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарына жету үшін алға қойған міндеттердің бірі ретінде-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту көзделген болатын. Балалық шақ - адамның ең қызықты, әрі бақытты шағы. Сондықтан, біздің балаларымыз кәзіргі заман талабына, қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психологиясы қалыптасқан парасатты азамат болып өсулері үшін білім саласында еңбек ететін біздерге ортақ міндет. Кәзіргі заманғы білім беру құрылымында нешебір жаңа технологиялар өмірге келуде. Сол технологиялардың бірі – ойын технологиялары. Дидактикалық мақсаты: ой-өрісін, танымдық қызметін, нақтыланған іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру, қажетті тәжірибелік қызметін кеңейту; Тәрбиелеуші мақсаты: дербестікке, жігерлілікке, ынтымақтастыққа, ұжымдыққа, коммуникативтікке тәрбиелеу;

*Баяндама анықтамасы қосымшада тіркелді.*

**6.Тыңдалды:** Ашық оқу қызметінің көрсетілімдері.

«Мен президент боламын» тақырыбындағы оқу іс –әрекеті ересек топта жүргізілді. Шаттық шеңбер жасалынып, бүгін ерекше күн екенін, мереке екенін түсіндіріп өтті. Балаларға елбасы жайлы деректі фильм көрсетті. Топқа өзге ғаламшардан томпақ келді. Балалар мен сұрақ –жауап әдісі

қолданылды. Тәй-тәй технологиясы пайдаланып балалар 3-топқа бөлінді. Бірінші топ «Астана» тобы болып, дайын тұрған киіз үйдің есіктерін оюөрнекпен жабыстырып шықты. Екінші топ «Алматы» тобы ақ қағаздың ортасына күнді, жан - жағындағы шуағына әр ұлттың суреттерін жабыстырып шықты. Үшінші топ «Жетісай» тобы ақ қағазға трафаретпен қазақтың ою - өрнектерін гупкамен басып шықты. Балабалар елбасына арнаған тақпақтарын айтты. Тілі жетік шықпаған балалармен жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар кемшіліктерде орын алды оқу іс-әрекет барысында баланың зейінін арттыруға арналған ойындар ойнатылғанда керемет болушы еді, - деп аяқтады сөзін балабақша меңгерушісі Д.Темирова

## ҚАУЛЫ:

1. Жылдық жоспарда белгіленген іс – шаралар жүргізілсін.
2. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстарын жинақталсын.
3. Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінде зейінін арттыруға арналған зерттеу – іздестіру ойындары ойнатылсын.

Төрайымы: Д.А.Темирова
Хатшысы: А.А.Мауленова

29.02.2020ж

## Хаттама №4

Қатысқандар 9

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы»

Күн тәртібінде.

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Баяндама: «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері».
3. Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Мектепке дейінгі жастағы балалармен күн тәртібінде сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» ерте жас тобы.
4. «Балабақша мен отбасының қарым-қатынасы» тақырыбы бойынша ата-аналарға арналған сауалнаманың қорытындысы.
5. Ашық оқу қызметінің көрсетілімдері.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.

**Сөйледі:** Бірінші балабақша меңгерушісі Д.Темирова сөз алып өткен кеңесте қаралған меселелердің орындалуын баяндады. Кеңесте айтылған сын пікірлердің нәтижесінде біраз жұмыстарда оң нәтижелер орын алып отыр. Әсіресе «Сіз қандай тәрбиешісіз?» деген тақырыптағы сауалнама нәтижесінде тәрбиешілер өз кемшіліктерін біліп түзетуге кірісті, ал мақтау алған тәрбиешілер жұмысы одан да жандана түсуде деді.

**2.Тыңдалды:** Баяндама: «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері».

**Сөйледі:** Балабақша тәрбиешісі М.Зұлпыхарова өз сөзінде тәрбиешілердің ата-аналармен ынтымақтастығы оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі болып табылады. Тәрбиеші үшін ата-аналарды педагогикалық үрдістің белсенді мүшесі ету оңай шаруа емес. Ол асқан шеберлік пен зор жауапкершілікті қажет етеді. Мұндай міндетті шешу үшін тәрбиешінің тәрбие жұмысының жоспарында оқушылардың отбасын зерттеу.Ата-аналардың педагогикалық сауатын көтеру. Ата-аналар комитетінің жұмысымен байланысты арттыру.Ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу.Ата-аналарды оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелерімен, барысымен жүйелі таныстыру.Мұндай маңызды істерді жүзеге асыруда тәрбиеші тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін, мектептің ерекшелігін, ата-аналар құрамын, ата-ана мен тәрбиешінің қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын ескеріп есепке алады,-деді.

*Баяндама анықтамасы қосымшада тіркелді.*

**3.Тыңдалды:** Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Мектепке дейінгі жастағы балалармен күн тәртібінде сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» ерте жас тобы.

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Д.Темирова. Тақырыптық бақылау қорытындысына келсек, оқу тәрбие жұмысында тәрбиешілерге ізденушілік қажет. Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінде жаңашылдық қажет. Тәрбиешілер күннің екінші жартысында балалармен жұмыс жасай алмауда. Сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолдану жалғастырылсын. Дидактикалық орындарға арналған үлестірмелі материалдар толықтырылсын – деп аяқтады сөзін.

**4.Тыңдалды:** «Балабақша мен отбасының қарым-қатынасы» тақырыбы бойынша ата-аналарға арналған сауалнаманың қорытындысы.

**Сөйледі:** Бүгінгі сауалнамада сіздер бала тәрбиесінін онша оңай емес екенін байқап отырған боларсыздар. Тәрбиенің сан, қырлы әдіс-тәсілдері жөнінде хабардар болдыңыздыр. Бала тәрбиесінде шыдамды болып, өз балаларыңызға жылуыңызды бере біліңіздер! Сіздің өсірген балаларыңыз сіздерді ылғида қуантып, қуанышқа бөлей берсін! – деп аяқтады балабақша психологі.

*Сауалнама анықтамасы қосымшада тіркелді.*

**5.Тыңдалды**: Ашық оқу қызметінің көрсетілімдері.

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Д.Темирова сөз алды. «Наш детский сад» тақырыбында ересек топта өткен оқу іс-әрекетте балалар екі тілде амандасты, яғни орысша және қазақша. Балаларға гүлдер туралы слайд көрсетті. Онда жеті түсті гүлдер бейнеленген, және әр түсінде тапсырмалар берілген. Балалар тапсырманы орысша орындап шықты. Дидактикалық ойындар да болды. Алайда балалар толық қамтамасыз етілмей қалды. Сұрақ жауапта балалардың жауабы толық болмады.

«Әнші болғым келеді» ортаңғы топта өтілген оқу іс-әрекеті шаттық шеңберден басталды. Балаларға ен алдымен өткен әндерін сұрап, кейін жаңаән жаттатқызды. Әншілер туралы қысқаша мәлімет беріп өтті.

«Ойнаймыз, біз күлеміз» ерте жас тобында өткен оқу іс-эректте балалар жылулық шеңберін жасады. Балалардың назарын экранға аудартып мультфильм көрсетті. Дидактикалық ойын «Бірдей көлемді тап» ойынын ойнатты. Сергіту сәті жасалды. Дегенмен кемшіліктерде жоқ емес, балаларға үстел үсті ойындарын ұйымдастырып, күнделікті сұрақтар қойып отыру керек деп, -сөзін аяқтады.

**ҚАУЛЫ:**

1. Ата –аналармен тәрбиешілердің арасындағы байланыс күшейтілсін .
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарының мазмұны кеңейтілсін.

Төрайымы: Д.А.Темирова

Хатшы: А.А.Мауленова

## Хаттама №5

27.05.2020ж

Қатысқандар

**Тақырыбы:** «Педагогикалық ұжымның 2019-2020 оқу жылындағы жұмысының нәтижелігі»

**Күн тәртібінде.**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық есебі
3. Қорытынды мониторинг
4. Оқу тәрбие үдерісінде жыл бойына жүргізілетін жұмыстарға талдау, келесі оқу жылына жұмыс бағытын белгілеу
5. Жазғы сауықтыру жұмыстарын бекіту.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.

**Сөйледі:** Бірінші балабақша меңгерушісі Д.Темирова сөз алып өткен кеңесте қаралған мәселелердің орындалуын баяндады. Сіздерге Түркістан облысы әкімі орынбасарының 2020 жылдың 18 наурыздағы №06/2668 хатымен жолданған «Коронавирустық инфекцияның пайда болуын және таралуын болдырмау» бойынша Түркістан облысында өңірлік комиссиясы отырысының хаттамалық тапсырмасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға балалардың еркін бару құқығымен медициналық және санитарлық бақылауды күшейте отырып, балабақшалардың қалыпты режимде жұмыс істеуін қамтамасыз етілуін ескертемін.

2.Тыңдалды: Тәрбиешілердің шығармашылық есебі

Сөйледі: Ересек тобы тәрбиешісі А.Мауленова оқу жылы көлемінде «Қарлығаш» тобының балалары «Ұйымдастырылған ертеңгіліктер» Балалар мерекелік ойын-сауықтар мен кештерге қатысып өз өнерлерін көрсетуге:өлең оқуға,ән салуға,би билеуге,ойын ойнауға,ертегі кейіпкерлерін сомдауға қызығып қатысты. Жыл бойы ата-аналардың қатысуымен өткізілген іс-шаралар мен ертеңгіліктер: «Саналы ұрпақ жарқын болашақ», «Тілін сүйген елін сүйер», «Ел байлығын арттырған,берекелі- Алтын Күз», «Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік», «Қош келдің, Жаңа жыл!», «Аналар мәңгі жасасын», «Төрлет -Наурыз!» Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналармен бірлесе отырып

мынадай жұмыс түрлері атқарылады: ата-аналар жиналыстары; тәрбиеші-педагогтың жеке кеңесі; отбасы жөнінде мәліметтер толтыру; ата-аналарға арналған ақпараттар бұрышы; әр түрлі тәрбиелік шараларға,мерекелік ойын-сауық ертегілерге қатысу;сауалнама жүргізу,әңгімелесу.

Бірінші ата-аналар жиналысында ата-аналар комитетін сайлады. «Тәрбие басы тал бесік», «Бала тазалығы» деген тақырыпрта тәрбиешінің баяндамасын тыңдады .Өз баласына үлгілі ата-ана болуға балабақша және тәрбиешімен тығыз байланыста болуға шешті.

Екінші ата-аналар жиналысы «Баланы ерте жастан тәрбиелеу» деп аталады. «Сіз қандай ата-анасыз?»деген тақырыпта сауалнама жүргізілді.

Осындай жұмыс түрлері арқасында ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артты,балабақша ұжымына деген сенімдік,құрметтеу белгілері жоғарылады.

Ата –аналармен "Ал , қанекей аналар "сайысы ,"Тұсау кесу "рәсімі, «Мен баламды қалай еркелетемін "атты рөлді-сюжетті тапсырмалар ұйымдастырылыған ертеңгіліктерде жүргізіліп ұйымдастырылды.
Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты ұйымдастырылған оқу ңс-әректиизді онлайн жүйеде өттік. «Инфроурок» сайтында Қарапайым математикалық түсінік сабағы бойынша «Геометриялық пішіндер», тіл дамыту бойынша «Гүлдер», көркем әдебиет сабағынан «Айога», жаратылыстану сабағынан «Мезгіл құбылыстары», «Әскери мамандық түрлері», «Әскери мамандық» сабақтары өтілді. Балалармен жұмыс жасау барысында оқу жылы көлемінде алдыма қойған мақсатыма жету үшін бірқатар жұмыстар атқарылды. Балалармен жеке жұмыс жасау жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін көзделді. Балалардың меңгерген және жеткілікті деңгейде меңгерген білім деңгейлері қорытынды білім деңгейіне сай бағаланды деп ойлаймын.

**2020-2021 оқу жылына келесі мақсаттар мен міндеттер қойылды.**

- **Мақсаты:** Тәрбиеленушілердің тілін дамытудың тиімді жолдары

**-Міндеттері:** Сабақта жаңа технология әдістерін қолдана отырып,баланың білімі мен біліктілігін дамыту.

- Баланың жас ерекшелігіне сай интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік денгейлерін, сабаққа дайындық деңгейін көтеруге;
- Қабілеті жоғары және төмен балалармен саралау жұмыстарын іс жүзіне асыру, білім алушыларды тұлға ретінде қалыптастыру.
- дарынды,қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету;
- Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат,тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу.

3.**Тыңдалды:** Қорытынды мониторинг есебі
Сөйледі: Балабақша тәрбишесі А.Мауленова мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес баланың

А.Мауленова «Мен президент боламын», «Аққу» ортаңғы тобының тәрбиешісі Г.Бердимуратова «Анама арналған ормал», музыка жетекшісі Г.Сейдилдаева «Әнші болғым келеді», орыс тілі пән мұғалімі Г.Акбердиева «Наш детский сад» тақырыптарындағы оқу қызметтері жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Балаларды салауатты өмір салтына баулу, денсаулығының қалыпты өсуіне жағдай жасау мақсатында сауықтыру шаралары жүргізіліп, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-анлармен балабақшаның ынтымақтастығын арттыру ақсатында «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» тақырыбында ашық есік күні өткізілді. Балабақшадағы оқу –тәрбие жұмысын бақылау мақсатында 6-тақырыпты, 1-шолу, бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтері жүргізілді. Жас мамандарға, педагогтарға кеңестер берілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың базалық мазмұнын орындауда «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет»- бес білім беру салалары бойынша білім беруде балалардың дамуының көрсеткіштері мынадай болды.

**5.Тыңдалды:** Жазғы сауықтыру жұмыстарын бекіту.

**Сөйледі**: Балабақша меңгерушісі Д.Темирова сөз алды. Баланың мектепке оқуына эмоционалды-оң көз қарасты қалыптастыру;

-Балабақшаны жазғы жұмыс тәртібіне ауыстыру.

-Жазғы сауықтыру жөнінде кеңес өткізу.

-Перпективалық жоспар мен ҰОҚ-нің кестесі жеңілдетіліп құрылады құрамы: ( көркем әдебиет-1, музыка-2, қоршаған ортамен таныстыру-0,5, дене шынықтыру-3, бейнелеу өнері: сурет салу-1, мүсіндеу мен жапсыру-0,5)

-Арнайы білім беру ортасын құру, зияткерлік – психологиялық ойындар өткізу

Балалармен әңгіме жүргізу . «Бір қолдан болатын аурулар», «Бағдаршам біздің досымыз», «Денім сау болсын десең-шынық»

Балалармен тұрмыстық және жол зақымдарының алдын алу жөніндегі жұмыстар. Жол жүру ережелері бойынша әңгімелер,ойын-сауықтар,ойындар, экскурциялар.

**2.Баланың мектепте оқуға дайындығының көрсеткіштерін анықтау.**

-жеке –тұлғалы дайындығы -оқуға ынтасы

(мектепке барғысы келеді, оқудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді, жаңа білімді алуға қызығушылық танытады)

Әлеуметтік-психологиялық дайындық- жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделе алуы, ересектермен және құрбырлармен қарым-қатынас жасай білуі.

жетістіктерінің мониторингі 3 деңгейде жүзеге асырылатынын білесіздер. Кіші топ, ерте жас тобы, ортаңғы және ересек топтарында қорытынды мониторинг жүргізілді. Ерте жас «Бөбек »тобы І –дең- 20 %, ІІ- дең-72%, ІІІ –дең-8% , «Балапан» тобы І –дең-16%, ІІ- дең-84%, ІІІ –дең -5%, Аққу тобы І –дең-24%, ІІ- дең-68%, ІІІ –дең-8% , «Қарлығаш» тобы І –дең- 28%, ІІ- дең- 44%, ІІІ –дең-28% деңгейді көрсетті.

**4.Тыңдалды:** Оқу тәрбие үдерісінде жыл бойына жүргізілетін жұмыстарға талдау, келесі оқу жылына жұмыс бағытын белгілеу

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі Д.Темирова Жыл бойына педагогикалық ұжым педагогикалық үрдісте балалардың дене сапасы мен қозғалу дағдыларының негізгі қимылдарын дамыту. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, жеке гигиена дағдыларын меңгерту.
Балалардың сөйлеудегі дыбыстау мәдениетін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын, шығармашылық сөйлеу әрекетін дамыту.
Баланың танымдық қызығушылықтарын, экологиялық білімін қалыптастыруды мақсат етіп алды. Мектепке дейінгі баланың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттері және танымдық белсенділігінің дамуының маңызды шарты ретінде тәрбиелеу, оқыту үрдісіне әртүрлі әрекет түрлерін енгізу мақсатын ала отырып, баланың денсаулығын басты назарда ұстап, балаларды балабақшаға қабылдау жұмыстарын жүргізді. Оқу жылының басында топтардың дайындығы, топта бала өзін еркін, қауіпсіз сезінуі үшін қандай жағдайлар жасалған, сонымен қатар нендей кемшіліктер бар екенін анықтау мақсатында шолу тексеру жүргізілді.Толықтыруды қажет ететін мәселелер өз уақытында жасалды. Оқу қызметінің кестесі түзілді, үлгілік оқу бағдарламасы негізінде тәрбиешілер тақырыптық жоспар жасады. Оқу жылының басында балаларға бастапқы бақылау жүргізілді. Балалардың білім, білік дағдыларының деңгейі анықталды. Отбасымен тығыз серіктестік қатынас орната отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыру мен қатар тәрбиелеу, оны мектепке оқуға психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатын ала отырып оқу жылына 5 педагогикалық кеңес жоспарланды. Онда тәрбиешілерге арналған тренингтер мен мастер класстар, баяндамалар жоспарланды. Тәрбиешілерге жыл бойына өткізетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары бекітілді. Мерекелік ертеңгіліктер жоспар бойынша өткізілді. 22-қыркүйек күні «Тілін сүйген елін сүйер» атты тіл мерекесін, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арнап «Елімнің еркіндігі -Тәуелсіздік» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Кел жана жыл ортаға» «Аналар мәңгі жасасын», «Төрлет Наурыз» мерекелік іс-шаралар өткізілді. Балабақшада өткізілген іс-шараларға ата-аналар белсенді түрде ат салыса білді. Тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізді. Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын, балалардың жас ерекшеліктерін, жаңа технология әдістерін қолдана отырып жоспарланған оқу қызметтері: «Қарлығаш» ересек тобының тәрбиешісі

**«Балақайлар мектебі» курсының соңында бала мынадай біліктермен дағдыларды игереді:**
- оқу міндеттері қабылдай білуі (мұқият тыңдау,қажет кезде тапсырманы нақтылау.
- танымдылық дайындық баланың ойлау қабілетінің даму дағдыларын меңгере білу
- мектепте өзін-өзі ұстау дағдыларының бастапқысын игеру;
- сурет бойынша әңгіме құрастыру;
- өлеңдерді мәнерлеп оқу;
- әңгіме, ертегіні мазмұндау;
- сөздердерді дыбыстық талдау;
- дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;
- 20 көлемінде санау, 10 дейін сандар құрамы мен цифрларды білу;
- Дәптердің, кітап парағында кеңістікті бағдарлау;
- қарапайым тапсырмаларды орындау;
-бейнелеу құралдарын қолдану,-деп сөзін аяқтады.

**ҚАУЛЫ:**

1. Ата –аналармен тәрбиешілердің арасындағы байланыс күшейтілсін .
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарының мазмұны кеңейтілсін.

Төрайымы: Д.А.Темирова
Хатшы: А.А.Мауленова

«Ақсана» бөбекжай –балабақшасы ЖШС

Бекітемін:
«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
________ Д.А.Темирова

# 2. Кадрлармен жұмыс

## 2.1 Педагогикалық кеңес

2020-2021ж

**Педагогикалық кеңестің**

**№1 ХАТТАМАСЫ**

28.08.2021ж

**Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша жұмысының негізгі бағыттары»**

**Күн тәртібінде:**

1. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысты талдау.
2. Педагогикалық ұжымның балабақшаның 2021_2022_ оқу жылына арналған жылдық жоспарымен танысуы.
3. Балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің аңдатпасы және оны бекіту.
4.Жылдық жоспарды, сабақ кестесін бекіту.
5.Тәрбиешілер үшін «Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу» консультациясы

**1.** Балабақша **меңгерушісі Д.А.Темирова** педагогикалық кеңесті жүргізді. Педагог қызметкерлердің тізімін жасап, педагогикалық кеңес хатшысын сайлады. Балабақшаның бір жылдық жоспарымен таныстырды. Биылғы жылға алған мақсат, міндеттерімізбалабақша және отбасы: жаңартылған білім беру мазмұны аясында табысты түлектің құзыреттілігін қалыптастыру.Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру.Тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңғыртуда, балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу.
**2.** Оқу қызметінің кестесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанда бекіткен №557 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы аталған №557 бұйрыққа, 2020 жылы 12 мамырдағы №195 бұйрықпен өзерістер мен толықтырулар енгізілді. Биылғы оқу жылында Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер ортаңғы топтарда 0,5 сағат «Драма» оқу қызметі қысқартылды. Ересек топтарында 0,5 сағат «Драма» оқу қызметі қысқартылды. «Драма» оқу қызметінің жүктемесі «Көркем әдебиет» оқу қызметіне қосылды. «Әлеумет» білім беру саласын бойынша экология негіздері оқу қызметі қысқартылды.
**3.** «Балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің аңдатпасы және оны бекіт» Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі , рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Балабақша – балаға жан-жақты білімді, тәрбиені беретін, ақыл-ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы.Тәрбиенің нәтижесі отбасы мен балабақша

тығыз байланыста болса ғана мағыналы болып, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Әр топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

4.Жылдық жоспарды, сабақ кестесін бекіту.
Қашықтан оқытуда педагогтың жұмыс орны және ережелері туралы айтты.Санитариялық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтан форматта сабақтар жүргізіңіздер.Педагог қашықтықтан оқыту кезінде жұмыс орнының техникалық дайындығы, педагогтың сырт-келбеті ұқыпты болу керектігін, сөйлеу мен дикцияны алдын ала пысықтауы тиіс екенін түсіндірді. Қашықтықтан өткізетін сабақтың алгоритмі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сабақтың тақырыбына сай болуын ескертті. Педагогтың имиджі мен этикетін сақтаңыздар –деді. Кезекші топтардың жұмыс істеу ережелерін түсіндіріп өтті. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жақсарған кезде балабақша қызметі біртіндеп қалпына келтіретінін айтты. Кезекші топтарды оқытуды ұйымдастыру үшін ата-аналардың өтініші бойынша әр топта 15 балаға дейінгі контингенті бар кезекші топтар ұйымдастырылатынын, кезекші топтарға созылмалы ауруы жоқ жас балаларды қабылдауды ұсынды. Балаларды мақтап, мадақтап, видиозвоноктар жасап байланысып отырыңыздар. Балаларға үйдегі, көшкдегі сақтық шараларын, тазалық шараларын ескертіп отырыңздыр- деді.

**5.** «Тәрбиешілер үшін «Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу» консультациясы» Баланың жеке тұлға болып қалыптасуы маңызды, әрі қызықты кезең. Балабақша табалдырығын аттағаннан бастап ата-ана мен баланың күнделікті өмірінде айтарлықтай өзгерістер болады. Баланың балабақшаға бейімделінгеннен кейін олардың даму деңгейінің қарқыны жылдамдайтынын байқаймыз. Балалар өз бетінше іс-әрекеттер жасайды, тілі дамиды, өзге балалармен қарым-қатынасы, достығы жақсарады, тәрбиешіге, ата-аналарына сұрақтар қойып, оның жауабын білгісі келеді.

**Қаулы.**

2. Педагогикалық ұжымның балабақшаның 2021_2022_ оқу жылына арналған жылдық жоспарымен танысты.
3. Ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс жүргізілсін.

4. Тәрбиешілер қашықтықтан оқыту бойынша қолжетімді құралдар арқылы қауіпсіз пайдалану талаптары орындалсын.

Төрайымы: Д.А.Темирова

Хатшы: А.Даулетова

**№2 ХАТТАМА**
**Педагогикалық кеңес отырысы**

21.10.2021ж Қатысқандар: 8

## Тақырыбы: «Жаңа технологиялардың тиімділігі»

**Күн тәртібінде:**

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2.«Мектеп жасына дейінгі балалар үшін құммен ойынды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру» баяндама

3.Балаларды ойын арқылы санай білуге үйрету тәсілдері. Пікір алмасу

4.«Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыпты тексерудің қорытындысы

5.Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.

**Сөйледі: меңгеруші Д.А.Темирова** - өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталсам балабақша жұмысы,педагогикалық процесс қашықтан ұйымдастырылып жүргізілуде. Қазіргі таңда ата-аналардан сұраныс келіп түспегендіктен кезекші топтар жұмысын бастайамай отырмыз. Ата-аналар тарапынан сұраныс болып жатса 15 баламен кезекші топ жұмыс бастаймыз. Бүгінгі педагогикалық кеңесіміздің тақырыбы «Кәсіп таңдау - тек қана болашаққа үңілу емес, ол өзіңнің ішкі жан-дүниеңе үңілу» деп алып отырмыз, себебі көбіңіз өз еңбек жолдарыңызды жаңадан бастап отырсыздар, сондықтан ұжым алдындағы жауапкершілікті, өз таңдаған кәсібіңнің үздігі болу үшін нендей жұмыстар артқару керек сол жайында бүгін бірге ой бөлісетін боламыз. Адам өзінің болашақ кәсібіне әртүрлі жолдармен келеді. Біреуіңіз үшін ойға алған арманыңыз болса, біреуіңіз үшін отбасы дәстүрін жалғастыру, ал үшінші біреуіңіз әйтеуір бір мамандық алу керек болғандықтан таңдаған болуларыңыз керек. Әрине таңдау жасау оңай емес. Ал біз болашақ ұрпақты тәрбиелеп отырғандықтан өз кәсібімізге немқұрайлы қарамауымыз керек. Балабақшадағы балалармен жұмысқа жетекшілік ететін бірден бір адам, ол сіздер тәрбиешісіздер. Педагогикалық үдерістің тиімділігі тәрбиешілердің өз ісін сапалы орындаумен анықталады. Сол себепті балабақшамызға келген жас мамандарға ыңғайлы орта мен қатар осы кәсіптің қыр-сырын үйретуіміз керек.

Білікті маманнан білімді ұрпақ шығары сөзсіз. Ең бастысы сіздер зейінді, өз еңбектеріңізден қуаныш таба білсеңіздер, бойларыңызға жаңа күш қосылып еңбекке деген шабыттарыңыз арта түседі. Қазіргі уақытта әлемде болып жатқан індет ешбірімізге оңай соғып тұған жоқ, соған қарамай балаларымызды білімді, тәрбиелі етіп шығару мақсатында онлай форматта білім беріп жатырмыз.

**2.Тыңдалды:** .«Мектеп жасына дейінгі балалар үшін құммен ойынды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру» баяндама

**Сөйледі: тәрбиеші А.Мауленова** - Баланың қиялын дамытуда, өзін-өзі дамытуда қазіргі замандағы жаңа технолоияның ерекше түрі бұл - құм терапиясы. Құммен жұмыс жасау баланы ашуға тез берілуден, жылауықтықтан, агрессиядан айықтырады және алдын-ала сақтайды.

*Анықтамасы қоса тіркелді*

**3. Тыңдалды:** Балаларды ойын арқылы санай білуге үйрету тәсілдері. Пікір алмасу

**Сөйледі: Шинтасова Э** Баланы санай білуге үйрету, есептей білу қабілетін жетілдіріп отыру аса жауапты міндет. Баланы ойын арқылы санай білуге үйретудің маңызы үлкен. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан – жақты дамуы үшін логикалық ойындардың да рөлі ерекше. Ойын – мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталып адам мен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз.Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

**Сөйледі:** тәрбиеші **Тойшы .Ш** - менің кәсіби құзіреттілікті түсінгенім бойынша әрбір маман өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуы, кәсібилігі, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімделіп, өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажетіне қарай толықтырып отыруы керек –деп ойлаймын.

**4.Тыңдалды**.«Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыпты тексерудің қорытындысы

**Сөйледі:– тәрбиеші Таганова Л** Дене тәрбиесі – адамның дене мүшелерін шыныктырып, бала психикасының дамуына әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімнің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған көп қырлы педогогикалық процесс. Дененің дамуы- тәрбиенің және біздің қоршаған ішкі, сыртқы ортаның әсерінен ағзаның биологиялық функцияларының және адам денесіндегі бұлшық ет тарамдары мен түрлерінің өзгеруі мен өсуі. Дене жетілуі- еңбекке қабілеттілігі,

дене дамуының ең жоғары дәрежесіне жетуі. Ағзаның өсуі (сандық өзгеріс) оның құрылысы мен функциясының (сапалық өзгеріс) өзгерумен байланысты. Ағзада сандық және сапалық өзгерістердің жинақталуы жас шамасына қарай дамудың бір баспалдағынан екінші баспалдағына ауысуы болып табылады.

тәрбиеші тәрбие жұмысын ұйымдастыру, әр баланың жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесетін, баланың екінші анасы. Тәрбиешінің бойына мейірімділік қасиеті бірінші орында тұруы қажет. Әр бала әр үйдің еркесі. Бағындырып көріңіз осындай әр үйдің еркесін. Ал оларды топта тең көріп, достарымен әр ойыншығын бөлісіп ойнау керегін үйретіп көріңіз. Бұған үлкен шыдам, шексіз сабыр, терең ақыл кез келген адамда бола бермейтін әдіс айла керек. Осыған қарамай мен өз мамандығымды жақсы көремін, себебі балалар адамға жақсы энергия береді.

**5.Тыңдалды** .Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау

**әдіскер А.Даулетова:** тәрбиеші мамандығы киелі де, көне мамандықтың бірі деп ойлаймын. Қоғамдық құбылыс қанша өзгерсе да, қажеттілігін жоймайтын маңызды мәселе жас ұрпақты өмір сүруге дайындау болған. Біз сол міндетті арқалап отырмыз. Біздің жұмысымызда кәсіби икемділік пен ұтқырылықты, шығармашылықты, өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайын қажет етеді. Тәрбиешіге тән ең бірінші қасиет баланы құрметтеу деп ойлаймын. Баланың ар-ожданын, намысын тұлғасына жасына қарамай сыйлай білуіміз керек.

**ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. Тәрбиешіпедагогтың әдеп ережелерін сақтасын.
1.Өткен кеңестің қаулылары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. педагогикалық кеңесімізге тәрбиеші А.Мауленова «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін құммен ойынды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру» баяндама

Жиналыс төрайымы: Д.А.Темирова

Хатшы: А.Даулетова

## №3 ХАТТАМА
## Педагогикалық кеңес отырысы

13.12.2021ж Қатысқандар: 7

**Тақырыбы:«Балалардың Жаңа технологияларды қолдану әдістері »**

**Күн тәртібінде:**

1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы

2.Денсаулық сақтау технологиясын енгізу, мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының бірі

3. Баяндама: «Сенсорлық тәрбие бойынша дидактикалық ойындар»

4. «Құм терапиясын тиімді қолданудың жолдары» -қысқаша баяндама

5. Келесі педагогикалық кеңеске дайындық: Презентациясы: «Мектепке дейінгі балаларды өз халқының салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру»

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
**Сөйледі: Меңгеруші Д.Темирова** – өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталды тәрбиешілер балаларға оқу материалын түсінікті етіп жеткізуде, танымдық қызығушылығы мен белсенділігін дамыта отырып тәртіптілік, жауапкершілікті сезіне отырып жұмыс жүргізіп жатыр.
**2.Тыңдалды:** Денсаулық сақтау технологиясын енгізу, мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының бірі
**Сөйледі:** балабақша меңгерушісі **Д.А.Темирова** - дені сау бала - ол, тек отбасының ғана емес барлық қоғамның бақыты мен ізгі қуанышы. Әр білім беру мекемесі балалардың денсаулығына толықтай жауап береді. Мектепке дейінгі балалар уақытының көп бөлігін балабақшада тәрбиеші мен медбикенің қарамағында өткізеді. Биылғы жылы әр баланың денсаулығын сақтау мен нығайтудың алдын алу жұмыстарында, баланың психофизикалық дамуындағы міндеттерді шешу де, мектепке дайындау да, денсаулық сақтау технологиясын кеңінен қолдануды жоспарладық. Жылдық мақсат етіп алдық. Қазіргі заманда балалардың денсаулығы нашарлап, әлеуметтік жағдайда баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруды меңзейді. Сол себепті балабақшада денсаулық сақтау технологиясының маңызы зор. Балалардың ауруларын төмендету үшін педагогтардың кәсібей шеберліктерін өрлету және де ата-аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыру кешенін ұйымдастыру. Бұл шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады- деп денсаулық сақтау технологиясын балабақшада жүргізілуіне де, тоқталды. Біз бүгінгі педгагогикалық кеңесімізде осы тақырыпты ашатын боламыз- деді.

**3. Тыңдалды:**Баяндама: «Сенсорлық тәрбие бойынша дидактикалық ойындар»

**Сөйледі тәрбиеші А.Мауленова-** Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарына жету үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту көзделген болатын. Сондықтан әр педагогқа сапалы білім беру үшін көп ізденуге, жаңаша ізденуге тура келеді. Қазіргі заманғы білім беру құрылымында нешебір жаңа технологиялар өмірге келуде. Сол технологиялардың бірі құм технологиясы. Бүгін мен сіздерге Ойын қатысушыларының жас ерекшеліктерінің кеңдігімен, шығармашылық мүмкіндігімен, бейнелілік және әмбебаптылығымен.

*Баяндама қоса тіркелді.*

**4. Тыңдалды:**«Құм терапиясын тиімді қолданудың жолдары» -қысқаша баяндама оқыды.

**Сөйледі тәрбиеші Шинтасова Э** Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттердің бірі –ол бала тәрбиесі. Ел тізгінін берік ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу-біздің борышымыз. Еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырса бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

**5. Тыңдалды:** Келесі педагогикалық кеңеске дайындық:
Презентациясы: «Мектепке дейінгі балаларды өз халқының салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру»

**Әдіскер А.Даулетова** «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан,тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті»,- деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың ұлағаттылығын дөп басып айтқан.

Патриоттық тәрбиенің түп қазығы ұлттық педагогика. Ұлттық педагогика – баланың анасына отансүйгіштік, еліне,жеріне деген махаббаты арттыру бесік жырлары, батырлық жырлар, ертегі, ұлттық ойындар арқылы ұлттық патриоттық сананы қалыптастыруға негізделеді.
Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б.

әрекеттерді жиі қайталап отырған абзал. Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Бала тілінің дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Туғандары, анасы қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде алғашқы сөздерін айта бастайды. Бала тілі бал, олар түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Әр Қазақстан азаматы өз ана тілінде еркін сөйлеп, тілін құрметтеп, Отанының мемлекеттік тілін жетік меңгеруі тиіс. Осы сәтте балаға отбасы үлгі болуы қажет. Ал мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші баланың ойын дамытып, жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындырып отырғаны абзал. Ана тілі рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда тіліміздің тазалығын сақтауға барынша көңіл бөлген жөн. Осы орайда мен де оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы, атап айтсам, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлеріміздің бөлшектерін баланың деңгейіне қарай пайдаланып отырамын.

**ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. 1.Өткен кеңестің қаулылары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Тәрбиешілер баланың денсаулығын сақтау және әдістер мен технологияларды қолдануда денсаулық сақтау технологиясын қолдансын.
3. Сенсорлық тәрбие бойынша дидактикалық ойындартехнологиясымен одан әрі танысып, көрнекі құралдарын дайындап, оқу қызметінде қолданылсын.

Төрайымы: Д.А.Темирова

Хатшысы: А.Даулетова

**№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Түрі:** дәстүрлі (тұрақтандыру) **Өткізілген уақыты:** 29.02.2021жыл

**Тақырыбы:** «Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалао мен МДҰ педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру».

**Мақсаты:**Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

**Төрайымы: Темирова. Д**

**Хатшысы: А.Даулетова**

**Қатысқандар саны-7**

Меңгеруші -1

Әдіскер :-1

Тәрбиешілер:-5

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы мектепке дейінгі мекеменің біліктілік сапасын көтеру» баяндама
3. «Дамыта оқыту технологиясы» баяндама
4. «Балаларды дамыту үшін балабақшада зияткерлік ойындарды ұйымдастыру» баяндама
6. Ағымдағы мәселелер

**Балабақшамыздың меңгерушісі Темирова. Д** педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

**1.Тыңдалды** :Балабақша **Әдіскер А.Даулетова** -сөз алып, Балалақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін,Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

Таңертеңгіліkжаттығу

Қимыл- қозғалысойындары, спорт ойындары.

Спорттықжаттығулар.

Балабақшадағыденетәрбиесінұйымдастырудыңтүрлері: күнәртібібойыншасауықтырушаралары ( таңертеңгіліkжаттығу, кимыл- қозғалысойындары, серуенкезіндегіжаттығулар мен спорттықойындар, сергітусәттері , ауладантысжергесаяхатжасау, спорттықойынсауықтар). Денешынықтырубалалардыңденсаулығынсақтап, нығайтатындығынжәнеденемүсінініңсұлулығынқалыптастырып, қимыл-қозғалысқабілетініңбелсенділігінарттыруынаықпалететіндігінайтаөтті..Денісау, рухы таза ұрпақөсіруенмаңыздымәселедейотырып, біздіңбалабақшадағыбастыміндетіміз: баланыңденсаулығынныығайту, шынықтыру, түрліаурулардыңалдын-алусақтанужұмыстарындәстүрдентысәдістердіқолдануарқылыжүргізіледдепсөзінаяқтады.

**1Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Зулпықарова М** Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

**2. Тыңдалды: Әдіскер А.Даулетова -**Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып.Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.
Дәрумендер теропиясы
Психо жаттығулар
Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.
Дем алу, сергіту жаттығулары.
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

**3. Тыңдалды: Меңгеруші** Темирова. Д сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін ,Катынас саласының «Ойнаймыз біз күлеміз» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына , денсаулығының нығаюына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

**1Сөз сөйлегендер**: **Әдіскер А.Даулетова** ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

4.

**Шешім:ШЕШІМ:**

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.
2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
3. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы **Темирова. Д**
Хатшы **А.Даулетова**

**№5 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:** 27.05.2021жыл

**Түрі:** дәстүрлі (тұрақтандыру)
**Тақырыбы:**«2020-2021 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау. *Өтілу түрі: дөңгелек үстел*
**Мақсаты:**Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу
**Төрайымы:** Темирова. Д
**Хатшысы:** Даулетова А.
**Қатысқандар саны–** 6
Меңгеруші -1
Әдіскер :1
Тәрбиешілер:-4

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Басшының ұжым алдындағы баяндамасы: «Бөбекжайдың 2020-2021 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына талдау"
3. Оқу –тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындыс. Қортынды мониторинг.
4. 2021-2022 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту
6. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту
7. Ағымдағы мәселелер

Балабақшамыздың меңгерушісі Темирова. Д педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

## 1.Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша №4 педагогикадық кеңестің шешімі талқыланды . Бала денсаулығының нығаюына арналған іс шаралардың жоспары көрсетіліп, балалармен жасалған жұмыстардың есебі оқылып, суреттері көрсетілді. Және жас мамандардың ашық оқу қызметіне үнемі қатысып, қз тәдірибелерін кеңейтіп жатқандығы туралы сөз қозғалды.

**2.Тыңдалды** :.«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптарыбала дамының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі.

- бастапқы – қыркүйек;
- аралық – қаңтар;
- қорытынды – мамыр.

Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог

және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтады. Нәтижесіндеоқу жылының соңында «Балбөбек» І-кіші тобының МЖМБС талаптарына сай төрт білім беру салалары бойынша балалардың білім көрсеткіші І-деңгей 40%, ІІ деңгей 40%, ІІІ деңгей 20%-ды құрады. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие. Тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі төмен деңгейде екенін, тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. «Қарлығаш» ІІ кіші тобында ІІ деңгей-45%, ІІІ деңгей-55%-ды құрады. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.«Қазына» ІІ кіші тобында І-деңгей 20%, ІІ-деңгей-25%, ІІІ-деңгей 55%-ды көрсетті. «Қазына» ІІ кіші тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі төмен деңгейде екенін, тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. «Еркетай» ортаңғы тобында ІІ-деңгей 32%, ІІІ-деңгей 68%-ды көрсетті. «Еркетай» ортаңғы тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жоғары деңгейде екенін, балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. «Ақбота» ересектер тобындаІ-деңгей 6,25%, ІІ-деңгей 18,75%, ІІІ деңгей 75%-ды көрсетті. «Ақбота» ересектер тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жоғары деңгейде екенін, бір баланың мүлде сөйлей алмайтыны, ата-анасына, аудандық білім бөліміне ескертіліп айтылғаны анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Биылғы жылы бөбекжайда балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған. Бітірушілер тобы біреу. Талдау нәтижесі төмендегідей:

*Қыркүйек 2020 ж.*




*қаңтар 2021ж.*




*Мамыр 2021ж.*




Салыстырмалы бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілермен тіл дамыту жұмыстарын жиі жүргізу, балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын ашық айта білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасау технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды.Тәрбиешілер мен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау әдіскер К.О.Жылкыбаеваның басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.

**3. Сөйледі тәрбиеші:Зулпиева М.** Тәрбиешілер жеке жеке топтағы әрбір баланың денсаулығының нығаюы мен дағдыларының қалыптасуына әсер ету мақсатында жыл бойы атқарылған жұмыстарының қорытынды есебін оқып талқыланды.

**4. Тыңдалды: Меңгеруші Темирова. Д сөз алып,**

Жаз мезгілінің жоспарымен таныстырып өтті. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы

жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады.Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

1)1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

3) 1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;

4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.2020-2021 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде бөбекжайда 1 маусымнан бастап жазғы сауықтыру кезеңі басталады. 2020-2021 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары дайындалып, бөбекжай директоры Темирова. Д -қолымен бекітілді. Жоспар бойынша аптаның 4 күні жазғы кестеге сәйкес жеңілдетілген оқу қызметтері өткізіледі. Аптаның бесінші күні апталық тақырыпты қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын-сауыққа жауапты педагогтар бекітілді. Балаларды жазғы кезеңде дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.), тиімді тамақтануды ұйымдастыру, шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б. сауықтыру жүйесін қамтиды. Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін де қамтиды.

## Шешім:

Жазғы сауықтыру –шынықтыру іс шараларының жоспарының орындалуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы Темирова. Д

Хатшы А.Даулетова.

«Ақсана» бөбекжай-балабақшасы»ЖШС

Бекітемін
Балабақша меңгерушісі
_________ Д.А.Темирова.

# Педагогикалық кеңестің

# хаттамасы

2021-2022 оқу жылы

Ата-аналар жиналысының

**Педагогикалық кеңестің**

**№1 ХАТТАМАСЫ**

28.08.2021ж

**Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша жұмысының негізгі бағыттары»**

**Күн тәртібінде:**

1. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысты талдау.
2. Педагогикалық ұжымның балабақшаның 2021_2022_ оқу жылына арналған жылдық жоспарымен танысуы.
3. Балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің аңдатпасы және оны бекіту.
4.Жылдық жоспарды, сабақ кестесін бекіту.
5.Тәрбиешілер үшін «Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу» консультациясы

**1.** Балабақша **меңгерушісі Д.А.Темирова** педагогикалық кеңесті жүргізді. Педагог қызметкерлердің тізімін жасап, педагогикалық кеңес хатшысын сайлады. Балабақшаның бір жылдық жоспарымен таныстырды. Биылғы жылға алған мақсат, міндеттерімізбалабақша және отбасы: жаңартылған білім беру мазмұны аясында табысты түлектің құзыреттілігін қалыптастыру.Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру.Тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңғыртуда, балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу.
**2.** Оқу қызметінің кестесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанда бекіткен №557 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы аталған №557 бұйрыққа, 2020 жылы 12 мамырдағы №195 бұйрықпен өзерістер мен толықтырулар енгізілді. Биылғы оқу жылында Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер ортаңғы топтарда 0,5 сағат «Драма» оқу қызметі қысқартылды. Ересек топтарында 0,5 сағат «Драма» оқу қызметі қысқартылды. «Драма» оқу қызметінің жүктемесі «Көркем әдебиет» оқу қызметіне қосылды. «Әлеумет» білім беру саласын бойынша экология негіздері оқу қызметі қысқартылды.
**3.** «Балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің аңдатпасы және оны бекіт» Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі , рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Балабақша – балаға жан-жақты білімді, тәрбиені беретін, ақыл-ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы.Тәрбиенің нәтижесі отбасы мен балабақша

тығыз байланыста болса ғана мағыналы болып, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Әр топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

4.Жылдық жоспарды, сабақ кестесін бекіту.
Қашықтан оқытуда педагогтың жұмыс орны және ережелері туралы айтты.Санитариялық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтан форматта сабақтар жүргізіңіздер.Педагог қашықтықтан оқыту кезінде жұмыс орнының техникалық дайындығы, педагогтың сырт-келбеті ұқыпты болу керектігін, сөйлеу мен дикцияны алдын ала пысықтауы тиіс екенін түсіндірді. Қашықтықтан өткізетін сабақтың алгоритмі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сабақтың тақырыбына сай болуын ескертті. Педагогтың имиджі мен этикетін сақтаңыздар –деді. Кезекші топтардың жұмыс істеу ережелерін түсіндіріп өтті. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жақсарған кезде балабақша қызметі біртіндеп қалпына келтіретінін айтты. Кезекші топтарды оқытуды ұйымдастыру үшін ата-аналардың өтініші бойынша әр топта 15 балаға дейінгі контингенті бар кезекші топтар ұйымдастырылатынын, кезекші топтарға созылмалы ауруы жоқ жас балаларды қабылдауды ұсынды. Балаларды мақтап, мадақтап, видиозвоноктар жасап байланысып отырыңыздар. Балаларға үйдегі, көшкдегі сақтық шараларын, тазалық шараларын ескертіп отырыңздыр- деді.

**5.** «Тәрбиешілер үшін «Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу» консультациясы» Баланың жеке тұлға болып қалыптасуы маңызды, әрі қызықты кезең. Балабақша табалдырығын аттағаннан бастап ата-ана мен баланың күнделікті өмірінде айтарлықтай өзгерістер болады. Баланың балабақшаға бейімделінгеннен кейін олардың даму деңгейінің қарқыны жылдамдайтынын байқаймыз. Балалар өз бетінше іс-әрекеттер жасайды, тілі дамиды, өзге балалармен қарым-қатынасы, достығы жақсарады, тәрбиешіге, ата-аналарына сұрақтар қойып, оның жауабын білгісі келеді.

**Қаулы.**

2. Педагогикалық ұжымның балабақшаның 2021_2022_ оқу жылына арналған жылдық жоспарымен танысты.
3. Ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс жүргізілсін.

4. Тәрбиешілер қашықтықтан оқыту бойынша қолжетімді құралдар арқылы қауіпсіз пайдалану талаптары орындалсын.

Төрайымы: Д.А.Темирова

Хатшы: А.Даулетова

**№2 ХАТТАМА**
**Педагогикалық кеңес отырысы**

21.10.2021ж Қатысқандар: 8

## Тақырыбы: «Жаңа технологиялардың тиімділігі»

**Күн тәртібінде:**

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2.«Мектеп жасына дейінгі балалар үшін құммен ойынды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру» баяндама

3.Балаларды ойын арқылы санай білуге үйрету тәсілдері. Пікір алмасу

4.«Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыпты тексерудің қорытындысы

5.Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.

**Сөйледі: меңгеруші Д.А.Темирова** - өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталсам балабақша жұмысы,педагогикалық процесс қашықтан ұйымдастырылып жүргізілуде. Қазіргі таңда ата-аналардан сұраныс келіп түспегендіктен кезекші топтар жұмысын бастайамай отырмыз. Ата-аналар тарапынан сұраныс болып жатса 15 баламен кезекші топ жұмыс бастаймыз. Бүгінгі педагогикалық кеңесіміздің тақырыбы «Кәсіп таңдау - тек қана болашаққа үңілу емес, ол өзіңнің ішкі жан-дүниеңе үңілу» деп алып отырмыз, себебі көбіңіз өз еңбек жолдарыңызды жаңадан бастап отырсыздар, сондықтан ұжым алдындағы жауапкершілікті, өз таңдаған кәсібіңнің үздігі болу үшін нендей жұмыстар артқару керек сол жайында бүгін бірге ой бөлісетін боламыз. Адам өзінің болашақ кәсібіне әртүрлі жолдармен келеді. Біреуіңіз үшін ойға алған арманыңыз болса, біреуіңіз үшін отбасы дәстүрін жалғастыру, ал үшінші біреуіңіз әйтеуір бір мамандық алу керек болғандықтан таңдаған болуларыңыз керек. Әрине таңдау жасау оңай емес. Ал біз болашақ ұрпақты тәрбиелеп отырғандықтан өз кәсібімізге немқұрайлы қарамауымыз керек. Балабақшадағы балалармен жұмысқа жетекшілік ететін бірден бір адам, ол сіздер тәрбиешісіздер. Педагогикалық үдерістің тиімділігі тәрбиешілердің өз ісін сапалы орындаумен анықталады. Сол себепті балабақшамызға келген жас мамандарға ыңғайлы орта мен қатар осы кәсіптің қыр-сырын үйретуіміз керек.

Білікті маманнан білімді ұрпақ шығары сөзсіз. Ең бастысы сіздер зейінді, өз еңбектеріңізден қуаныш таба білсеңіздер, бойларыңызға жаңа күш қосылып еңбекке деген шабыттарыңыз арта түседі. Қазіргі уақытта әлемде болып жатқан індет ешбірімізге оңай соғып тұған жоқ, соған қарамай балаларымызды білімді, тәрбиелі етіп шығару мақсатында онлай форматта білім беріп жатырмыз.

**2.Тыңдалды:** .«Мектеп жасына дейінгі балалар үшін құммен ойынды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру» баяндама

**Сөйледі: тәрбиеші А.Мауленова** - Баланың қиялын дамытуда, өзін-өзі дамытуда қазіргі замандағы жаңа технолоияның ерекше түрі бұл - құм терапиясы. Құммен жұмыс жасау баланы ашуға тез берілуден, жылауықтықтан, агрессиядан айықтырады және алдын-ала сақтайды.

*Анықтамасы қоса тіркелді*

**3. Тыңдалды:** Балаларды ойын арқылы санай білуге үйрету тәсілдері. Пікір алмасу

**Сөйледі: Шинтасова Э** Баланы санай білуге үйрету, есептей білу қабілетін жетілдіріп отыру аса жауапты міндет. Баланы ойын арқылы санай білуге үйретудің маңызы үлкен. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан – жақты дамуы үшін логикалық ойындардың да рөлі ерекше. Ойын – мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталып адам мен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз.Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

**Сөйледі:** тәрбиеші **Тойшы .Ш** - менің кәсіби құзіреттілікті түсінгенім бойынша әрбір маман өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуы, кәсібилігі, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімделіп, өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажетіне қарай толықтырып отыруы керек –деп ойлаймын.

**4.Тыңдалды**.«Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыпты тексерудің қорытындысы

**Сөйледі:– тәрбиеші Таганова Л** Дене тәрбиесі – адамның дене мүшелерін шынықтырып, бала психикасының дамуына әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімнің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған көп қырлы педогогикалық процесс. Дененің дамуы- тәрбиенің және біздің қоршаған ішкі, сыртқы ортаның әсерінен ағзаның биологиялық функцияларының және адам денесіндегі бұлшық ет тарамдары мен түрлерінің өзгеруі мен өсуі. Дене жетілуі- еңбекке қабілеттілігі,

дене дамуының ең жоғары дәрежесіне жетуі. Ағзаның өсуі (сандық өзгеріс) оның құрылысы мен функциясының (сапалық өзгеріс) өзгерумен байланысты. Ағзада сандық және сапалық өзгерістердің жинақталуы жас шамасына қарай дамудың бір баспалдағынан екінші баспалдағына ауысуы болып табылады.

тәрбиеші тәрбие жұмысын ұйымдастыру, әр баланың жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесетін, баланың екінші анасы. Тәрбиешінің бойына мейірімділік қасиеті бірінші орында тұруы қажет. Әр бала әр үйдің еркесі. Бағындырып көріңіз осындай әр үйдің еркесін. Ал оларды топта тең көріп, достарымен әр ойыншығын бөлісіп ойнау керегін үйретіп көріңіз. Бұған үлкен шыдам, шексіз сабыр, терең ақыл кез келген адамда бола бермейтін әдіс айла керек. Осыған қарамай мен өз мамандығымды жақсы көремін, себебі балалар адамға жақсы энергия береді.

**5.Тыңдалды** .Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау

**әдіскер А.Даулетова:** тәрбиеші мамандығы киелі де, көне мамандықтың бірі деп ойлаймын. Қоғамдық құбылыс қанша өзгерсе да, қажеттілігін жоймайтын маңызды мәселе жас ұрпақты өмір сүруге дайындау болған. Біз сол міндетті арқалап отырмыз. Біздің жұмысымызда кәсіби икемділік пен ұтқырылықты, шығармашылықты, өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайын қажет етеді. Тәрбиешіге тән ең бірінші қасиет баланы құрметтеу деп ойлаймын. Баланың ар-ожданын, намысын тұлғасына жасына қарамай сыйлай білуіміз керек.

**ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. Тәрбиешіпедагогтың әдеп ережелерін сақтасын.
1.Өткен кеңестің қаулылары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. педагогикалық кеңесімізге тәрбиеші А.Мауленова «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін құммен ойынды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру» баяндама

Жиналыс төрайымы: Д.А.Темирова

Хатшы: А.Даулетова

## №3 ХАТТАМА
## Педагогикалық кеңес отырысы

13.12.2021ж Қатысқандар: 7

**Тақырыбы:«Балалардың Жаңа технологияларды қолдану әдістері »**

**Күн тәртібінде:**

1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы

2.Денсаулық сақтау технологиясын енгізу, мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының бірі

3. Баяндама: «Сенсорлық тәрбие бойынша дидактикалық ойындар»

4. «Құм терапиясын тиімді қолданудың жолдары» -қысқаша баяндама

5. Келесі педагогикалық кеңеске дайындық: Презентациясы: «Мектепке дейінгі балаларды өз халқының салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру»

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
**Сөйледі: Меңгеруші Д.Темирова** – өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталды тәрбиешілер балаларға оқу материалын түсінікті етіп жеткізуде, танымдық қызығушылығы мен белсенділігін дамыта отырып тәртіптілік, жауапкершілікті сезіне отырып жұмыс жүргізіп жатыр.
**2.Тыңдалды:** Денсаулық сақтау технологиясын енгізу, мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының бірі
**Сөйледі:** балабақша меңгерушісі **Д.А.Темирова** - дені сау бала - ол, тек отбасының ғана емес барлық қоғамның бақыты мен ізгі қуанышы. Әр білім беру мекемесі балалардың денсаулығына толықтай жауап береді. Мектепке дейінгі балалар уақытының көп бөлігін балабақшада тәрбиеші мен медбикенің қарамағында өткізеді. Биылғы жылы әр баланың денсаулығын сақтау мен нығайтудың алдын алу жұмыстарында, баланың психофизикалық дамуындағы міндеттерді шешу де, мектепке дайындау да, денсаулық сақтау технологиясын кеңінен қолдануды жоспарладық. Жылдық мақсат етіп алдық. Қазіргі заманда балалардың денсаулығы нашарлап, әлеуметтік жағдайда баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруды меңзейді. Сол себепті балабақшада денсаулық сақтау технологиясының маңызы зор. Балалардың ауруларын төмендету үшін педагогтардың кәсібей шеберліктерін өрлету және де ата-аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыру кешенін ұйымдастыру. Бұл шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады- деп денсаулық сақтау технологиясын балабақшада жүргізілуіне де, тоқталды. Біз бүгінгі педгагогикалық кеңесімізде осы тақырыпты ашатын боламыз- деді.

**3. Тыңдалды:**Баяндама: «Сенсорлық тәрбие бойынша дидактикалық ойындар»

**Сөйледі тәрбиеші А.Мауленова-** Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарына жету үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту көзделген болатын. Сондықтан әр педагогқа сапалы білім беру үшін көп ізденуге, жаңаша ізденуге тура келеді. Қазіргі заманғы білім беру құрылымында нешебір жаңа технологиялар өмірге келуде. Сол технологиялардың бірі құм технологиясы. Бүгін мен сіздерге Ойын қатысушыларының жас ерекшеліктерінің кеңдігімен, шығармашылық мүмкіндігімен, бейнелілік және әмбебаптылығымен.

*Баяндама қоса тіркелді.*

**4. Тыңдалды:**«Құм терапиясын тиімді қолданудың жолдары» -қысқаша баяндама оқыды.

**Сөйледі тәрбиеші Шинтасова Э** Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттердің бірі –ол бала тәрбиесі. Ел тізгінін берік ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу-біздің борышымыз. Еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырса бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

**5. Тыңдалды:** Келесі педагогикалық кеңеске дайындық:
Презентациясы: «Мектепке дейінгі балаларды өз халқының салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру»

**Әдіскер А.Даулетова** «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан,тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті»,- деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың ұлағаттылығын дөп басып айтқан.

Патриоттық тәрбиенің түп қазығы ұлттық педагогика. Ұлттық педагогика – баланың анасына отансүйгіштік, еліне,жеріне деген махаббаты арттыру бесік жырлары, батырлық жырлар, ертегі, ұлттық ойындар арқылы ұлттық патриоттық сананы қалыптастыруға негізделеді.

Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б.

әрек еттерді жиі қайталап отырған абзал. Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Бала тілінің дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Туғандары, анасы қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде алғашқы сөздерін айта бастайды. Бала тілі бал, олар түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Әр Қазақстан азаматы өз ана тілінде еркін сөйлеп, тілін құрметтеп, Отанының мемлекеттік тілін жетік меңгеруі тиіс. Осы сәтте балаға отбасы үлгі болуы қажет. Ал мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші баланың ойын дамытып, жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындырып отырғаны абзал. Ана тілі рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда тіліміздің тазалығын сақтауға барынша көңіл бөлген жөн. Осы орайда мен де оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы, атап айтсам, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлеріміздің бөлшектерін баланың деңгейіне қарай пайдаланып отырамын.

**ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. 1.Өткен кеңестің қаулылары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Тәрбиешілер баланың денсаулығын сақтау және әдістер мен технологияларды қолдануда денсаулық сақтау технологиясын қолдансын.
3. Сенсорлық тәрбие бойынша дидактикалық ойындартехнологиясымен одан әрі танысып, көрнекі құралдарын дайындап, оқу қызметінде қолданылсын.

Төрайымы: Д.А.Темирова

Хатшысы: А.Даулетова

**№4 ХАТТАМА**
**Педагогикалық кеңес отырысы**

23 .02.2022ж Қатысқандар:

Тақырыбы: «Мәңгілік ел» Патриоттық Актісінің құндылықтары тәрбиелеу-оқыту үдерісінде

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Баяндама: «Мәңгілік ел- балалардың болашағының рухани жаңғыруына, ұлтымыздың мерейін асыратын негізі»
3. Салыстырмалы тексеру қорытындысы: «Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың сапасы»
4. Тәрбиеші-педагогтың жұмыс тәжірибесінің презентациясы: «Мектепке дейінгі балаларды өз халқының салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру»

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің қаулыларының орындалу жағдайы.
**Сөйледі: меңгеруші Д.А.Темирова** - өткен кеңесте шығарылған қаулылар бойынша тәрбиешілер қажетті жұмыстарды жасаған. Ата-аналармен санитарлық –ағарту жұмыстары жүргізіліп коронавирусы жайында барлықтарына қажетті ақпарат берілген.
**Қаулы:** 1. Өткен кеңестің қаулылары қанағаттанарлық.

**2. Тыңдалды:** «Мәңгілік ел- балалардың болашағының рухани жаңғыруына, ұлтымыздың мерейін асыратын негізі»тақырыбында баяндама.
**Сөйледі: Д.Темирова**- «Балалар – біздің елдің бүгінгісі мен болашағы біздің мемлекеттің басты байлығы мен тірегі. Дамудың бірінші кезеңі, тәрбие мен білім берудің бірінші сатысы – балалар бақшасы» Н.Ә.Назарбаев. Балабақша – келешек ел басқарар, жер суына иелік етер, ел – халқын гүлдентер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап, өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя. Мәңгілік ел- балалардың болашағының рухани жаңғыруына, ұлтымыздың мерейін асыратын негізі деп қараумыз керек. Себебі балабақшадан бала бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңдіріп өсірсек, салт-дәстүріміздің келешегі кемел деген сөз.
*Баяндама қоса тіркелді.*
**3. Тыңдалды:** Салыстырмалы тексеру қорытындысы: «Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың сапасы»
**Сөйлегендер әдіскер: А.Даулетова** балабақшадағы балалар түсінгенін, естігенін, көргенін ой-қимылын тіл арқылы жеткізеді. Сондықтан баланың өз ана тілінде дамуы, сөйлеуі, ойлауы басты мәселе. Бізге өмір сүру үшін ауа мен тамақ қаншалықты қажет болса, бала санасының жетілуіне өз ана тілі мен тарихы соншалықты қажет. Біздің балаларымыз ана тілінде ойлай алса, сөйлей білсе сол

біздің жеткен жетістігіміздің бірі «Мәңгілік ел» патриоттық актісін іске асқаны деп ойлаймын.
Тәрбиеші **Үркімбай А-** Рухани жаңғыру отбасынан басталады деп ойлаймын. Отбасы баланың негізі қаланатын оның табиғи даму ортасы. Отбасында тыныштық болса, үйде тыныштық болады. Үйде тыныштық болса, мемлекетте тыныштық болады. Мемлекетте тыныштық болса, әлемде тыныштық болады. «Мәңгілік Елдің» болашағын жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделе отырып құра аламыз. Ата-ана үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, мейірбандық, инабаттылық көрсету сияқты ізгі қасиеттердің иесі боласа сол қасиеттерді бала бойына сіңдіріп өседі. Ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек – бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білемін. «Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың сапасы» тақырыпты тексеру қорытындысына тоқталды. Тәрбиешілердің ата-аналарымен ынтымақтаса жасаған жұмысы тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі. Ата-аналарды педагогикалық үдерістің белсенді мүшесі ету оңай шаруа емес. Осы мәселеде балабақша тәрбиешілері өз тобының ата-аналарымен жүргізіп жатқан жұмысына тексеру жүргізілді. Жаңа оқу жылының басында барлық топ ата-аналар жиналысын онлайн форматта өткізген. Ата-аналарды қашықтан оқыту кезіндегі білім беру платформасымен таныстырған. Қашықтан оқыту кезінде баланы мейлінше тәрбиеші берген тапсырмаларға күштемеу керегі айтылған. Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылған. Балалардың қажетті құжаттары жинақталған. Ата-аналар туралы мәлімет алынған, ұялы телефондарының номерлері бар, ата-аналарға whatsApp интернет желісі арқыла ата-аналар чаты ашылған. Оқу қызметтері, ұйымдастырылған оқу кестесіне сай жіберіліп отырылған. «Қашықтан оқыту кезінде баланы дайындау» тақырыбында ерсек, ортағы топтардың тәрбиешілері **Шынтасова Э.Үркімбай А** ата-аналарға консультация берілген. «Отбасы татулық мекені» көпбалалы, үлгілі отбасыларды насихаттау мақсатында отбасы күніне орай шағын видиороликтер дайындалып, топ ата-аналарына интернет желісі арқылы жіберілген. «Балабақша өмірі» тақырыбында кіші топтардың тәрбиешілері **Тойшы.Ш Таганова А.** ата-аналарына консультация берген. Балабақша әкімшілігінің ұйымдастырылумен өткен «Менің үйім- менің қорғаным» тақырыбында үздік пост жариялау сайысында ересектер топ ата-аналары белсенділік танытқан. Тәрбиешілер ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс жасай білген.Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар жақсы деңгейде.
Ұсынысым: Ата-аналарға интернет желісі арқылы дәмді ас дайындау мәзірін, балаларды күтіп баптаудағы тиімді әдістермен бөлісуін немесе үй бикелеріне қажетті кеңестері болса арнайы видиоролик жасап балабақша ата-аналарымен бөлісуін сұраңыздар және ұйымдастырыңыздар.

**4. Тыңдалды:** Тәрбиеші-педагогтың жұмыс тәжірибесінің презентациясы: «Мектепке дейінгі балаларды өз халқының салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру»

**Сөйледі: әдіскер А.Даулетова** –«Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан,тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті»,- деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың ұлағаттылығын дөп басып айтқан.

Патриоттық тәрбиенің түп қазығы ұлттық педагогика. Ұлттық педагогика – баланың анасына отансүйгіштік, еліне,жеріне деген махаббаты арттыру бесік жырлары, батырлық жырлар, ертегі, ұлттық ойындар арқылы ұлттық патриоттық сананы қалыптастыруға негізделеді.

Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б. әрек еттерді жиі қайталап отырғанабзал.

Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Бала тілінің дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Туғандары, анасы қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде алғашқы сөздерін айта бастайды. Бала тілі бал, олар түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Әр Қазақстан азаматы өз ана тілінде еркін сөйлеп, тілін құрметтеп, Отанының мемлекеттік тілін жетік меңгеруі тиіс. Осы сәтте балаға отбасы үлгіболуықажет.

Ал мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші баланың ойын дамытып, жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындырып отырғаны абзал. Ана тілі рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда тіліміздің тазалығын сақтауға барынша көңіл бөлген жөн.

Осы орайда мен де оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы, атап айтсам, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлеріміздің бөлшектерін баланың деңгейіне қарай пайдаланып отырамын.

**Қаулы:**

1. Қазіргі заман талабына сай интернет желісінің пайдалы тұстары қарастырылып, жұмыс барысында қолданылсын.

Жауапты: әдіскер **А.Даулетова**

1. Балалардың бойына салт-дәстүрімізді, мәдени, рухани–және адамгершілік құндылықтарды жаңа заман талабына сай, жаңа форматта жеткізу.

Төрайымы: Д.А.Темирова

Хатшысы: А.Даулетова

**№5 ХАТТАМА**
**Педагогикалық кеңес отырысы**

12 .05.2022ж Қатысқандар: 8

**Тақырыбы: «Педагогикалық ұжымның 2020-2021оқу жылындағы жұмысының нәтижелілігі»**

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы
2. 2020-2021 оқу жылында орындалған жұмыстардың есебі.
3. Үлгілік оқу бағдарламаларды меңгеру деңгейі
4. Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыс жоспарын қарау және бекіту.

**1.** Балабақша **меңгерушісі Д.А.Темирова** балабақшаның қорытынды педагогикалық кеңесін өткізді. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталды. Тәрбиешілер өз жұмыстарында өтпелі тақырыптарға сай халық ауыз әдебиеттерін ертегілер, санамақтар, жаңылтпаш балаларға үйретті. Тәрбиешілер дайындаған оқу қызметінің видиороликтерін әдіскер **А.Даулетова** қадағалап отырды.
**2. Тыңдалды:** Әлемде болып жатқан мынау індет барша адамзатқа оңай тимеді. Адамның басты байлығы денсаулығы болғандықтан, карантин талаптарын орындап оқшауланып үйде отырмыз. Алайда Қазақстанымыздың келешегі жас ұрпақтың қолында болғандықтан, балаларымызды білім нәрімен сусындатуымыз қажет. Білімді ұрпақ келешегіміздің, дамуымыздың кепілі. Биылғы жылы балабақша карантиндік ережелерге бағынып онлайн форматта жұмыс жасады. Ата-аналардың сұранысымын кейбір балабақшалар өз жұмыстарын кезекші топпен, яғни 15 баламен жүргізді. Жыл бойына педагогикалық процесіміз онлайн түрде жүргізіліп тәрбиешілер сіздерге де, ата-аналарға да, қиындық туғызды. Әрине онлайн болғандықтан ұялы телефон оқушының басты құралы болды. Мектепте оқитын балаларына ұялы телефонмен қамтамасыз ете алмай отырған ата-анаға ойын баласы, балабақша баласының тапсырмалары артықша болды. Ата-аналармен мейлінше түсіністікте жұмыс жүргізу оңай болмады. Тәрбиешілерден педагог этикетін ұстауды, адамгершілік қасиеттерді сақтауы талап ететін уақыт болғаны бәрімізге белгілі. Соған қарамай балабақшадағы педагогикалық процесті жүргізуге барынша бір ауыздан ат салысқандарыңызға рахметімді айтамын деді меңгеруші Д.А.Темирова
**Әдіскер А.Даулетова** - 2020-2021 оқу жылында орындалған жұмыстарға тоқталып есепберді. Биылғы оқу жылы 1 қыркүйек «Білім күнін» ата-аналарға онлайн құттықтау жолдап, балалардың балабақша туралы тақпақтарын тыңдадық. №1 педагогикалық кеңесте балабақшаның жылдық жоспары, оқу қызметінің кестесі бекітілді. Ересек топ тәрбиешілері арнайы оқу қызметінің кестесіне сай шағын видиороликтер дайындап ата-аналар чатына жіберсе,

ортаңғы және кіші топ тәрбиешілері аптасына 1 рет өтпелі тақырыптарға сай материалдарды онлайн форматта балаларға ұсынды. Оқу қызметінің дайындалған видиоролигін алдын ала көріп кем, артық тұстарын түзетіп отырдық. Тіл мерекесін ересек топ балалары арасында құттықтау, тақпақтар айтып тойласақ. «Алтын күз» мерекесіне барлық топ балалары қатыстырылды. Онда балар тақпақтар, сән үлгілерін көрсетсе, ата-аналар жемістермен көкөністерден дайындалған ас түрлерін ұсынды. Жеңімпаздар марапатталды. Тұңғыш Елбасы күніне орайбалабақша ұжымы ата-аналармен, балаларға құттықтау тілектер жолдады. Тәуелсіздік күніне балалар ән,би, тақпақтарымен бөліссе, ата-аналар өз тілектерін айтты. Жаңа жылдық мерекеде тақпақтар айттып, балалар арасында сурет салудан сайыс өткіздік, сыйлықтармен марапатталды. Аналар мерекесіне балабақша ұжымы, аналарымызға құттықтау жасап, дәмді ас даярлаудан мастер класстар ұйымдастырды. Ұлттық мерекеміз 22 Наурыз мерекесіне балаар тақпақ оқып, ата-наларменн тәрбиешілер арасында наурыз көжеден челенж ұйымдастырылды. Мамыр мерекелері балалар тақпақтар мен әндер орындады. «Менің үйдегі бір күнім», «Бөлме гүлдерін күтіп баптаймыз», «Тазалық құралдары», «Үй жануарлары», «Спорт,спорт,спорт» тақырыбындағы ашық оқу қызметтеріне, ата-аналар кері байланыс жасап видиороликтер жіберді.
Ата-аналарға «Қашықтан оқыту кезінде баланы дайындау» кеңестер берілді. «Отбасы татулық мекені» көпбалалы, үлгілі отбасыларды насихаттау, видиороликтер дайындау.«Менің үйім- менің қорғаным» тақырыбында үздік пост жариялау жұмыстары жүргізілді. «Шығармашылық» білім беру саласы сурет, жапсыру, мүсіндеу бойынша жұмыстардың жүргізілуі төмен болды. Келесі жаңа оқу жылында бес білім салаларын кіріктіре отырып «Шығармашылық» білім саласы бойынша жұмыстарды жандандыруымыз қажет.
**Қаулы:** 1. Балабақшаның бала тәрбиесінде жыл бойына атқарылған
жұмыстары қанағаттанарлық.

**3. Тыңдалды: Әдіскер А.Даулетова -** балабақшада оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасын балалардың меңгеру деңгейі бойынша бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізіледі. Қорытынды мониторингті топ тәрбиешілері топтағы баланың үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер сай жасайды. Жалпы топтың жиынтық есебі бес білім беру саласы бойынша жасалып әдіскерге ұсынады. Балабақшаның топ балаларының білім деңгейінің орташа балын яғни балабақшаның жиынтық есебін әдіскер жасап, ЖААӘД бөліміне тапсырады. Биылғы жылғы көрсеткіш төмендегідей болды.
I деңгей -----
II деңгей—
II деңгей

**4. Тыңдалды: Меңгеруші –Д.Темирова** сөз алып, Жаз мезгілінің жоспарымен таныстырып өтті.

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады.Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

1)1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

3) 1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;

4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде бөбекжайда 1 маусымнан бастап жазғы сауықтыру кезеңі басталады. 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары дайындалып, бөбекжай директоры -----------------қолымен бекітілді. Жоспар бойынша аптаның 4 күні жазғы кестеге сәйкес жеңілдетілген оқу қызметтері өткізіледі. Аптаның бесінші күні апталық тақырыпты қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын-сауыққа жауапты педагогтар бекітілді. Балаларды жазғы кезеңде дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.), тиімді тамақтануды ұйымдастыру, шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б. сауықтыру жүйесін қамтиды. Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін де қамтиды.

**Қаулы:**

1. Өткен кеңестің қаулылары қанағаттанарлық.
2. Үлгілік оқу бағдарламасын балалардың игеруі орта деңгейде болды.
3. Әр аптада бір білім саласы бойынша оқу қызметі жоспарлансын.
4. Жазғы сауықтыру –шынықтыру іс шараларының жоспарының орындалуы қадағалансын.

Төрайымы: **Д.А.Темирова**

Хатшысы: **А.Даулетова**